

#ӘділеттіҚазақстан

Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘКІМ



ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІК

3


ЛЕВ ГУМИЛЕВ – 110



«КӨНЕ ТҮРКІЛЕР» немесе көшпенділер мәдениетінің беймәлім қырлары

7

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



ЖЫЛАН ІНІНЕ НЕГЕ КІРМЕДІ?

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

6.10.2022

Түнде:



+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

7.10.2022

Түнде:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №116 (6251) 6 қазан, бейсенбі, 2022 жыл.

САЙЛАУ – 2022

СЕНІМ МЕН ІЛТИПАТ

Қазақстан Президенттігіне үміткерлерді ұсыну жалғасып жатыр



Мерзімінен бұрын өтетін Президенттік сайлауға үміткерлерді ұсыну 11 қазан күні аяқталады. Осы уақытқа дейін еліміздің партиялары мен қоғамдық ұйымдары республикадағы басты лауазымға төрт үміткер ұсынды. Осы орайда айта кеткен жөн, Қасым-Жомарт Тоқаевты үміткер ретінде ұсынғысы келетіні туралы бес республикалық ұйым мәлімдеді.

2

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖӘРМЕҢКЕГЕ КЕЛІҢІЗДЕР!



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыда 8-9 қазан күндері Алматы облысының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің кеңейтілген жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңкеге Қонаев қаласының және Алматы облысының 9 ауданының шаруа және фермер қожалықтары қатысады. Олар жалпы көлемі 320 тонна болатын 50-ден астам атаудан тұратын (ет-сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, ұн, жарма, өсімдік және жануар майлары, т.б.) өнімді сатылымға шығарады.

Сөрелерде өнімдердің кең асортименті ұсынылады, соның ішінде – ет өнімдері – 40

тонна, жеміс-көкөніс өнімдері – 160 тонна, сүт өнімдері – 15 тонна, балық өнімдері – 13 тонна, 92 тонна басқа өнімдер бар.

Жәрмеңке Шевченко көшесінің бойында, Қонаев көшесі мен Пушкин көшелерінің аралығындағы («Ғылым ордасы» археология мұражайына қарама-қарсы) жерде өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қарағанды және Павлодар облыстарына жұмыс сапарымен барды.
- Президент: «Еліміздің барлық елдімекенінде таза су қолжетімді болуға тиіс».
- Түркіменстан президенті Сердар Бердімұхамедов қазан айында Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді.
- Сенаторлар мемлекеттік қызметтерді цифрландырудың мәселелерін талқылады.
- Үкіметте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары талқыланды.
- Қазақстанда бірыңғай Мемлекеттік қала құрылысы кадастры енгізіледі.
- Франция астанасында UNESCO-ның штаб-пәтерінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ардақталды.
- Парижде Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған концерт өтті.
- Алматыда аса ірі көлемдегі есірткі контрабандасының жолы кесілді.
- «Egov» порталында пәтерді жалға алу туралы электрондық келісім-шарт пайда болуы ықтимал.
- Қазақстандық режиссер-аниматор Қуаныш Нағыз «Тайқазан хикаясы» атты мультфильм түсіріп жатыр.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қарағанды және Павлодар облыстарына жұмыс сапарымен барды.

Президент Қарағанды облысы жұртшылығымен кездесуде табиғи байлығымен қазыналы өлкенің, Сарыарқаның дәл жүрегінде орналасқан аймақтың рухани қазынасы да орасан зор екенін атап өтті. Талай тарихи оқиғаның куәсі болған шежірелі аймақтан қазақтың көптеген біртуар тұлғалары шыққан. Қарағанды өңірі – Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков сияқты Алаш арыстары дүниеге келген қасиетті жер.

Мемлекет басшысы Үкіметке «Қарағанды–Балқаш» және «Балқаш–Бурылбайтал» тасжолын келесі жылы салып бітіруді, сондай-ақ алдағы екі жылдың ішінде «Қарағанды–Қарқаралы» тасжолын жөндеуді аяқтауды тапсырды. Сонымен бірге, «Қарағанды–Жезқазған» күре жолын жөндеу жұмысына алдағы жылы дереу кірісу қажеттігі аманатталды.

Президент павлодарлықтармен кездесуде өңірдің басты басымдықтарына назар аударды. Олар, Мемлекет басшысы тұжырымдағандай: аймақтың индустриялық-инновациялық әлеуетін нығайту. Экология мәселелерін шешу Павлодар облысындағы екінші басым міндет. Үкіметке өңірді газбен қамту жолдарын әзірлеу тапсырылды. Тағы бір маңызды мәселе – өңірдің инфрақұрылымын дамыту. Президент Үкіметке облыс орталығын айналып өтуге жол ашатын жаңа көпір салуды тапсырды. Келесі бір басымдық – креативті индустрия мен туризмді дамыту.

■ СЕНАТ

Сенаторлар экономиканы, мемлекеттік басқаруды және мемлекеттік қызметтерді цифрландырудың өзекті мәселелерін талқылады.

Сенаттың Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің депутаттары Цифрлық үкіметті қолдау орталығында жұмыс бабындағы көшпелі кездесу өткізді. Шараның негізгі мақсаты – мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтерді цифрлық трансформациялаудың өзекті мәселелерін талқылау болды. «Цифрландыру – бәсекеге қабілетті заманауи экономика мен мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі бөлшегі. Бұл саладағы негізгі міндеттер – мемлекеттік қызметтерді көрсетудің барлық процестерін цифрландыру, цифрлық теңсіздікті жою, шалғайдағы елдімекендерді де сапалы интернетпен қамтамасыз ету», – деп атап өтті Дәурен Әділбеков.

■ ҮКІМЕТ

Үкіметте жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары талқыланды.

Әлихан Смайылов Үкімет отырысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейтуді тапсырды. Ішкі істер министрі Марат Ахметханов жыл басынан бері елімізде апаттар бойынша барлық көрсеткіштердің өскенін айтты: ЖКО (9429), қаза тапқандар (1478) және жараланғандар (12 394) саны артты. Бұл орайда талдау автомектепте оқымай, көлік айдауды «өз бетінше үйренгендер» адам өліміне алып келетін ЖКО-ның 50%-на жауапты екенін көрсетіп отыр. Алматы қаласында, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында жолдар аса қауіпті. Аталған өңірлерге Қазақстан бойынша барлық ЖКО-ның 56%-ы, жарақат алғандардың 55%-ы және қаза тапқандардың 41%-ы тиесілі.

«Біздің басты міндетіміз – жол қауіпсіздігі, жол апаттары мен одан қаза болу жағдайларын азайту бойынша кешенді шешімдер қабылдау», – деді Әлихан Смайылов. Үкімет басшысы жол апаттарының көбеюіне қатысты жан-жақты талдау жүргізуді, жол апаттары жиі болатын учаскелердегі қозғалысты қадағалау жұмыстарын күшейтуді, қауіпсіз жол инфрақұрылымын жасау бойынша қосымша шаралар қабылдауды, сондай-ақ жолдағы камераларды көбейтуді тапсырды. Одан бөлек, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне көлік құралдарын техникалық тексеру сапасын тиімді бақылау тетігін жасау, жолдардың жай-күйін бақылауды күшейту, ал Әділет және Ішкі істер министрліктеріне сапасыз жүргізушілерді даірлайтын автомектептердің жауапкершілігі мәселесін қарау тапсырылды.

■ МИНИСТР

Автоматтандырылған жүйе цифрлық бас жоспарларды, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын, ғимараттар мен құрылыстардың орналасуы, инженерлік инфрақұрылым, қоше-жол желісі, сондай-ақ абаттандыру туралы деректерді жинауды, өңдеуді және сақтауды қамтамасыз етеді.

Бұл туралы Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын енгізу мәселесі қаралған Үкімет отырысында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев мәлімдеді. Қала құрылысы кадастрының тақырыптық деректер базасы, өңірдің экономикалық мамандануын, инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуін, өңірде ұқсас объектілердің болуын және олардың жүктемелігін ескере отырып, инвестициялық жобаларды оңтайлы орналастыруды таңдауға, сондай-ақ әлеуметтік объектілердің цифрлық деректерінің болуын, тіршілік инфрақұрылымын базалық қамтамасыз етуді бағалауға мүмкіндік береді. Қала құрылысы кадастры аясында объектінің бірегей нөмірін енгізу пысықталып жатыр. Бұл біріздендіру, жеке сәйкестендіру нөмірмен ұқсастығы бойынша сәулет-жоспарлау тапсырмасын беруді, бас жоспарларға сәйкес жүйеде эскиздік жобаны келісуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, құжаттардың нысаналы мақсатқа сәйкестігіне түпкілікті тексеруді жүргізуге мүмкіндік жасамақ. Сондай-ақ, инфрақұрылымдық деректерді цифрландыру есебінен техникалық шарттарды алудың ашық процесі қалыптастырылады.

■ ЭКОЛОГИЯ


Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Экология министрлігі проблемаларды шешудің нақты жолдарын қарастырды.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі алқасының кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауын іске асыру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, министрліктің 8 айдағы іс-шараларының қорытындылары мен ағымдағы жылдың 2-ші жартыжылдығына арналған міндеттері қаралды. Министр Серікқали Брекешев қоғамның одан әрі тұрақты дамуы, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өсуі мен қазақстандықтардың өмір сүру сапасының орындалуына тікелей әсер ететін Жолдаудың негізгі тұстарына тоқталды. Атап айтқанда, су саласын дамытудың маңыздылығын атап өтті, өйткені жыл сайын халықтың суға деген қажеттілігін қамтамасыз ету және экономика салаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру су тапшылығының өсуіне байланысты күрделі міндетке айналады.

● САЙЛАУ – 2022

СЕНІМ МЕН ІЛТИПАТ

Қазақстан Президенттігіне үміткерлерді ұсыну жалғасып жатыр



(Басы 1-бетте)

Астанада Ұлттық волонтерлік желісінің жалпы жиыны өтті. Бұл басқосуда еліміздің еріктілер қауымы 20 қарашада өтетін Президент сайлауына кандидат ретінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты бірауыздан ұсынды. Ұлттық волонтерлік желісінің төрағасы Вера Ким атап өткендей, бүгінде елімізде 200 мыңнан астам волонтерді қамтыған 600-ден астам волонтерлік ұйым жұмыс істейді.

«Осы жылдар ішінде Мемлекет басшысы волонтерлік саладағы барлық маңызды бастамаларды қолдап келеді. Сондай-ақ, волонтерлер мен волонтерлік ұйымдардың қызметін және еңбегін жоғары бағалады. Президент волонтерлерге үлкен сенім артады, Мемлекет басшысының қолдауы бізді шабыттандырады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа деген сенім мандатымыз еліміздің көркеюі мен халқымыздың мүддесі үшін бағытталған. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған мемлекеттік бағдарламалар мен реформалардың жемісін бариша қазақстандық көріп отыр. Біздің Президентіміз волонтерлік қозғалысты қолдайды, ендеше біз де өз Президентімізді қолдаймыз», – деді Ұлттық волонтерлік желісінің төрағасы Вера Ким.

Қазақстанның Азаматтық альянсы да дәл осындай бастама көтерді.

– 1 қыркүйектен бастап, Мемлекет басшысы өз Жолдауында күзде Президент сайлауы өтетінін хабарлаған кезде, маған Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті, бірлестігіміздің жоғары лауазымды тұлғасы ретінде көптеген өтініш пен телефон қоңыраулары келіп түсті. Қоңырау шалушылар маған тек өтініш айтқан жоқ, олар қазіргі Мемлекет басшысын ҚР Президенті лауазымына кандидатурасын ұсынуымызды талап етті, – деді Бану Нұрғазиева ұйымның конференциясында.

Өңірден келіп түскен хаттардың бірін оқығаннан кейін ұйым басшысы Қазақстан Азаматтық альянсының ҚР Президенті лауазымына Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын ұсыну туралы мәлімдемесін күн тәртібіне шығарды. Барлық 26 өкілетті-мүше өкілдер ұсынысты қолдап дауыс берді.

Кәсіпкерлерді, түрлі саладағы сарапшыларды біріктіретін Qazaqstan team Қоғамдық жастар бірлестігі де Қасым-Жомарт Тоқаевты үміткерлікке ұсыну бастамасын көтерді.

– Біз жай ғана қолдау көрсетіп қоймай, Қасым-Жомарт Тоқаевты ҚР Президенттігіне үміткер етіп ұсынуды ұйғардық. Біз Мемлекет басшысы ұсынған реформаларды қолдаймыз. Біздің ұйымның көптеген мүшелері қалыптасқан адамдар, жас кәсіпкерлер, біздің ұйымның мүшелері білім беру саласында да жұмыс істейді. Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған реформалар бізге қатысты көптеген салаларды қамтиды деп санаймыз. Сондықтан біз оның кандидатурасын ұсынуды ұйғардық, – деді жастар бірлестігінің басшысы Олжас Сүлейменов.

Сонымен қатар, Елордада «Қазақстандық спортшылар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған кездесу өтті.

– Елімізді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған жаңа реформалар күтіп тұр. Реформалар әлеуметтік әділеттілік пен барлығына тең мүмкіндіктерді қолдайды. Бүгінде біздің спортшылар Қазақстанды түрлі халықаралық ареналарда таныстырады. Мықты экономика мен қоғамдағы бірліктің арқасында біз үлкен жетістіктерге жеттік, соның ішінде спорт саласында да жетістіктеріміз жетерлік, – деді «Қазақстандық спортшылар одағының» мүшесі, 2012 жылғы бокстан Олимпиада чемпионы Серік Сәпиев.

Кездесуден соң «Қазақстандық спортшылар одағы» да ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты алдағы сайлауға үміткер етіп ұсыну туралы шешім қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасын қолдаған дәл осындай бастаманы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі кезектен тыс съезінде ұсынды.

Қазақстан Президенті Павлодар облысының жұртшылығымен кездесуде өзінің қандай да бір нақты қоғамдық-саяси ұйымнан емес, олардың коалициясынан ұсынуға ниетті екенін айтты.

Баршаңызға маған сенім білдіріп, стратегиялық бағытымды белсенді қолдағандарыңыз үшін алғыс айтқым келеді. Менің ойымша, егер мен сайлауға белгілі бір ұйымнан емес, елде жүргізіліп жатқан реформалардың әлеуметтік базасын қалыптастыратын қоғамдық-саяси күштердің кең коалициясынан барсам дұрыс болар еді. Бұл Мемлекет басшысының түрлі партиялар мен бірлестіктерден тең қашықтығы қағидатын бекітуге мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұған дейін Қазақстан Президенттігіне тағы үш үміткердің есімдері белгілі болды. Біріншісі – «Атамекен» ҰКП Төралқасы агроөнеркәсіптік кешен комитетінің төрағасы, фермерлер қауымдастығының төрағасы Жигули Дайрабаев. Оның кандидатурасы «Ауыл» партиясының кезектен тыс XX съезінде ұсынылды.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия өз атынан ЖСДП елордалық филиалының төрағасы Нұрлан Әуесбаевты үміткерлікке ұсынды.

Қазіргі қоғамды зерттеу институтының директоры Мейрам Қажыкенов «Аманат» Қазақстан кәсіподақтар Достастығының» ӨКМ үміткері атанды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● АЛҒЫС

ҚАЗАҚСТАНҒА АРНАЙЫ МЕССА АРНАДЫ

Рим Папасы Франциск дәстүрлі жалпы аудиенцияны Қазақстан Республикасына апостолдық сапарының қорытындыларына арнады.

Қазақстанға арнайы месса арнаған Рим Епископы Ватикандағы Әулие Петр алаңында мыңдаған қажыларға сөйлеген сөзінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 7-ші съезіне

орай Орталық Азиядағы алып мемлекет – Қазақстанда болғанын мәлімдеді.

«Республика Президентіне және Қазақстанның басқа да билік органдарына мені жылы қар-

сы алғаны және оны ұйымдастырудағы жомарт еңбектері үшін тағы да алғысымды білдіремін. Сондай-ақ, епископтарға және барлық қызметкерлерге атқарылған үлкен жұмыс үшін, әсіресе олармен кездесуге және олардың барлығын бірге көруге мүмкіндік берген қуанышы үшін шын жүректен алғыс айтамын», – деді Рим Папасы Франциск.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

ТИІМДІ ӘРІПТЕСТІК

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) өкілдерімен кездесті.

Іс-шараға Таяу Шығыс, Орталық Азия, Түркия, Ауғанстан және Пәкістан бойынша Халықаралық қаржы корпорациясының Өңірлік вице-президенті Хела Шейхроу, Орталық Азия бойынша Халықаралық қаржы корпорациясы Өңірлік өкілдігінің басшысы Кассандра Колберт, Қазақстандағы Халықаралық қаржы корпорациясы Өңірлік өкілдігінің басшысы Екатерина Бенджамин және басқалар қатысты.

ХҚК өкілдерінің айтуынша, Алматы Орталық Азиядағы өңірлік инвестициялық хаб болып табылады. Ұйым мегаполистің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді, мұндағы басты бағыттар – қаржы секторы, агробизнес, инфрақұрылым, климаттық және экологиялық инвестициялар.

ХҚК техникалық-экономикалық ірі жобаларды одан әрі несиелеу үшін (ТЭН) 500 мың АҚШ долларын бөлуді ұсынды. Грант ағымдағы жылдың соңына дейін келіп түседі. Шаһар басшысының айтуынша, Алматы дамыту бағдарламасы аясында қаланың су ресурстары мен су шаруашылықтары нысандарын жүйелі басқаруды ұйым-



дастыру жөніндегі әлеуетті жоба қарастырылған.

Кездесу барысында Ерболат Досаев сондай-ақ жасыл облигациялар мен тұрақты даму, IT-хаб пен венчурлік қорларды құру бөлігінде Алматы қаласының әлеуетті инвестициялық жобаларын қоса қаржыландыруға ХҚК қатысуға қызығушылық білдірді. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар өзара тиімді әріптестікті нығайтуға келісті.

ХҚК-мен белсенді екіжақты ынты-

мақтастықтың арқасында түрлі инвестициялық жобалар, соның ішінде Алматы халықаралық әуежайы, «БАКАД» мемлекеттік-жекеменшік жобасы және т.б. дамыды.

ХҚК-сы Дүниежүзілік банктің еншілес ұйымы, ең ірі жаһандық даму институты, оның құрамына 185 қатысушы ел кіреді. Қазақстан 1993 жылғы 30 қыркүйекте ұйымның толыққанды мүшесі болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТҰСАУКЕСЕР

ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ОРТАЛЫҒЫ

Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының тұсаукесері өтті

Шараны ЮНЕСКО-ның штаб-пәтері орналасқан Франция астанасында осы беделді ұйым ұйымдастырды.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Бұл орталық Алматыда, Қазақстанның «мәдениеттер жақындасуының онжылдығы» жаһандық бастамасы аясында құрылған. Оның жетекшісі – әлемге әйгілі акын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов.

Тұсаукесерде сөйлеген сөзінде Олжас Омарұлы орталықтың әлемдік тәжірибеде бірегей екенін атап өтті. Оның негізінде республикамыздың көпұлтты және көп-конфессиялы мемлекет ретіндегі тәжірибесі жатыр. Ол өзінің негізгі міндетін мемлекеттердің ғалымдары мен мәдениет қайраткерлері арасындағы ғылыми-зерттеу, білім беру және ағарту қызметі мен зияткерлік өзара іс-қимылды ұйымдастыру арқылы шешеді. Бұл – халықаралық ауқымда орнықты және үйлесімді дамуға бағытталған әртүрлі іс-шаралар кешені.

Орталықтың қызметі Қазақстанның бейбітшілікті сүйетін ішкі және сыртқы саясаты мен ЮНЕСКО мандатының негізінде жатқан қағидаттарды адамдардың ойлауына ықпал етуге арналған. Олар нәсілдік, этникалық немесе діни бірегейлікке қарамастан – ұлттық және жаһандық деңгейде адамдардың әртүрлі қауымдастықтарының бейбіт, тең және құрметті қатар өмір сүруінің негізі болып табылады.

Олжас Сүлейменов биыл біздің еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымына және оның ЮНЕСКО-ның мәдени бөлімшесіне кіргеніне 30 жыл толатынын еске салды. Халықаралық қоғамдастықта Қазақстан, ең алдымен, оның жер қойнауындағы табиғи қазбалардың – металдар мен мұнайдың көптігімен танымал, бірақ біз басты құндылық ұлтаралық, конфессияаралық келісімді тәрбиелеудің бай мәдени мұрасы мен тарихи тәжірибесі – бірлігіміздің



негізі болып табылатындығының маңызды ақиқатын біртіндеп түсіне бастадық.

Қазақстан Орталық Азия өңірінің бір бөлігі ретінде Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан және әртүрлі этностар мен конфессиялардың өкілдерін біріктіреді. Мәдениеттердің алуан түрлілігімен дәл осы жерде мәдени дамудың тұрақты жүйесі жасалды, бұл олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік береді, аймақ өмірінің үлкен ерекшелігі болып есептеледі.

ЮНЕСКО-ның мәдениетаралық, өркениетаралық және дінаралық диалогты нығайтуға бағытталған қызметі Қазақстанға жакын. Өз тарапынан біздің республика ЮНЕСКО-ның бейбітшілікті, толеранттылық қағидаттарын және жаңа гуманизм идеяларын құру бойынша құндылықтарын ілгерілетуге айтарлықтай күш салуда.

БҰҰ Қазақстанның ұсынысы бойынша алдымен Мәдениеттердің жақындасуының 2010 жылды Халықаралық жылы деп жариялады. Содан кейін дәстүрлі және жақында пайда болған ұлтаралық қайшылықтардың себептерін анықтауға арналған бүкіл әлем бойынша жүзеге асырылған мәдени іс-шаралардың, білім беру бағдарламаларының және ғылыми

зерттеулердің қорытындылары бойынша осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек деген сенім пайда болған кезде мұндай көлемдегі мәселелерді шешу үшін бір жыл жеткіліксіз. Қазақстан бір жылмен шектеліп қалмау және жақсы бастаманы жалғастыру туралы ұсыныс жасады.

2012 жылдың қазан айында 36-шы сессияда ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы Мәдениеттердің жақындасуының халықаралық онжылдығын жариялауға дауыс берді, ал желтоқсанда бұл ұсынысты БҰҰ Бас Ассамблеясы мақұлдады. ЮНЕСКО осы жобаны іске асыруға жауапты БҰҰ жүйесіндегі жетекші агенттік болып тағайындалды. Ал Қазақстан ЮНЕСКО-ның Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығы жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыру бойынша нақты үлес ретінде 2015 жылғы желтоқсанда Алматыда мәдениеттерді жақындастыру орталығын құрды.

Мәдениеттердің жақындасуы туралы осындай түсінік қана толеранттылыққа тәрбиелеуге және біздің жалпыға бірдей өзара тәуелділігімізді түсінуге ықпал етеді, бейбітшілікке жетелейді, халықтардың жақындасуына көмектеседі. Олжас Сүлейменовтің пікірінше, оны жүзеге асыру – уақыт талабы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Мемлекет басшысы Қарағанды жұртшылығымен кездесуінде өңірдің тарихы мен ел руханиятында алатын орны туралы әңгіме өрбітіп, еліміздің жаңа саяси дәуірге қадам басқанын айтты, өлкенің өркендеуіне серпін беретін бірқатар басым бағыттарды атады.

ПРЕЗИДЕНТ НЕ ДЕДІ?

Қарағанды – Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков сияқты Алаш арыстары дүниеге келген қасиетті жер. Сондай-ақ, Тәттімбет күй толған, Мәди ән салған қазақ өнерінің киелі бесігі. Сәкен Сейфуллин, Ғабиден Мұстафин, Қасым Аманжолов сынды әдебиетіміздің алыптары да осы қастерлі топырақтан шыққан. Қарқаралы мен Шайтанкөл, Бектау ата және Бұғылы-Тағылы таулары қианда қазақтың құтты мекені саналған.

Басым бағыттар: өңдеу өнеркәсібін қолдау, транзиттік-тасымал әлеуеті мен жол инфрақұрылымын дамыту, моноқалаларды дамыту, туристік әлеуетті арттыру, қоршаған ортаның тазалығын сақтау жөнінде қабылданған міндеттемелерді, стандарттар мен нормаларды қатаң сақтау.

Өндірістік кәсіпорындарға заманауи тазалау құрылыстарын қолдану, өндіріс процесін жетілдіру, аумақты көгалдандырумен жүзделі түрде айналысу. Бұдан бөлек, жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдерін түгелдей экологиялық проблемаларды шешуге бағыттау.

Қазақстанда олигархтық капитализмнің заманы өтіп, ел азаматтарының алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін кезең жетті. Азаматтарымызға тиімді әрі әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін, ел экономикасында алдыңғы орында тұрған бизнес керек.

Республика бойынша игерілмей бос жатқан 20 миллионнан астам гектар жайылым жер анықталды. Қазірдің өзінде 4,2 миллион гектардан астам алқап қайтарылды.

Кең байтақ жеріміздің игілігін латифундистер емес, қарапайым халық көруі керек. Сондықтан ендігі мәселе – қайтарылған жерді жергілікті шаруаларға әділ бөліп беру қажет. Сонда ғана фермерлердің өз шаруашылығын адал жүргізуге сенімі артады.

Азаматтар қоғамдық кеңестер арқылы әлеуметтік проблемаларды көтеруге, жұртшылықтың мүддесін қорғауға белсенді араласуға тиіс. Азаматтардың мемлекеттік басқаруға белсенді қатысуы Әділетті Қазақстанды құрудың алғышарты болмақ.

Еңбекқорлық – баршамызға ең қажет қасиет. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Ұлттық бірегейлігіміздің қарапайым, бірақ ең басты көрсеткіші – көк наспортымыз. Бұл құжат – біздің мемлекетіміздің тірегіне айналған озық қағидаттардың нышаны. Сондай-ақ, елімізді барлық сын-қатерлерден аман алып шығатын басты құндылықтарымызды біріктіреді, әділдіктің символы.

Жаңартылған Конституция негізінде басты саяси институттар қайта іске қосылды, барша азаматтардың игілігіне жұмыс істейтін, ашық әрі бәсекеге қабілетті экономикалық жүйе қалыптасады.

Заң үстемдігі мен тәртіп өміріміздің өлшеміне айналады. Құндылықтар қайта қаралып, еңбекті дәріптеу алдыңғы орынға шығады.

Отанышылдық – мемлекеттілігімізді сақтаудың басты кепілі. Шын мәнінде, туған жеріңді сүйуден асқан қасиет жоқ. Туған халқыңа қызмет жасаудан артық бақыт жоқ. Отансүйгіштік дегеніміз – қызыл сөзбен ұрандатып, алаңға шығу емес, ел мүддесі үшін еңбек ету.



● КОНФЕРЕНЦИЯ

ҮДЕМЕЛІ ДАМУ ҮЙЛЕСІМІ

білім мен дүниетанымның дұрыс арақатынасына байланысты

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтында «Дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырлары: әлемдік және қазақстандық болмыс аясында» республикалық ғылыми конференция өтті.

Философия, саясаттану және дінтану институтының Дінтану орталығы ұйымдастырған бұл конференция Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси трансформацияның ауқымды процестерін кәсіби ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу мақсатында қолға алынған жоспарлы іс-шараларды қамтыды.

ФСДИ ақпараттық-ұйымдастыру жұмыс орталығынан хабарлағандай, конференция жұмысына отандық философтар, мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар, дінтанушылар мен исламтанушылар, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының және басқа да гуманитарлық ғылымдардың өкілдері қатысты. Бірінші болып сөз алған Философия, саясаттану және дінтану институтының Бас директоры Серік Тұрарұлы Сейдұманов кез келген қоғамның үдемелі дамуы негізінен дәстүрлер мен инновациялардың, бұрынғы және жаңа құндылықтардың, жүйелердің, білім мен дүниетанымның дұрыс арақатынасы мен үйлесімді өзара іс-қимылына байланысты екенін атап өтті.

«Қазақстандағы дәстүрлер мен инновациялардың діни аспектілері: өткені, бүгінгі және болашағы» ғылыми жобасын зерттеу аясында өткен конференцияда қазақстандық шындыққа қатысты дәстүрлер мен инновациялардың діни (исламдық) аспектілері зерттелді. «Біздің ғылыми зерттеуімізде мәлімделген тақырыптың өзектілігі және осы конференция қорытындыларының нәтижесі



өте зор. Жаһандану процестерінің қайнар көздері және экстремизмді, терроризмді, сепаратизмді қоса алғанда, деструктивизмнің әртүрлі түрлерінің агрессивті өкілдері тарапынан туындаған жаңа сын-тегеуріндер мен қауіптердің орын алуы нәтижесінде туындаған қазіргі заманғы идеологиялық қарама-қайшылық контекстінде бірлескен қарсы тұру шараларын әзірлеуге қатысты теңдестірілген ғылыми-сараптамалық ұстаным талап етіледі», – деді С.Сейдұманов.

Конференцияға қатысушылар пікірталас барысында әртүрлі тарихи кезеңдердегі дәстүрлерді қоғамдық реттеу процестеріне қатысты өз бағалары мен пікірлерін ұсынды. Олар теологиялық және идеологиялық түсіндірмелердегі дәстүрлер мен инновациялар ұғымдарын талдады. Негізгі ұғымдарды теософиялық (пәнаралық) талдау негізінде дәстүрлер мен жаңашылдықтың өзара әрекеттесуінің тұжырымдамалық ғылыми парадигмасының тезистері айтылды.

Ыбрайымдық діндердің діни дәстүрлеріндегі канондық ережелер мен тарихи жаңалықтарға салыстырмалы талдау жасалды, сонымен қатар иудаизм, христиандық және мұсылмандықтың діни санасы мен

салттық тәжірибесінде ортақ негіздер белгіленді.

Конференция тақырыбын белсенді талқылау барысында оның қатысушылары өркениеттік жаңашылдықтар мен мұсылман әлемінің зияткерлік тоқырауына, өркениеттің өрлеуі мен ислам әлемінің рухани дағдарысына дінтану талдауын ұсынды. Конференция спикерлері ислам әлеміндегі реформалық және модернизациялық идеялар мен қозғалыстарды қалыптастыру процестерінің негізгі тенденцияларын талқылады.

«Дәстүр мен жаңашылдықтың діни қырлары: әлемдік және қазақстандық болмыс аясында» ғылыми конференциясына қатысушылардың пікірінше, әлемдік және қазақстандық толық контекстіндегі дәстүрлер мен жаңашылдықтың діни аспектілерін талқылаудың практикалық нәтижелері қоғамның үдемелі даму процестерінің шарттарын және рухани көздердің сабақтастығы мен тұрақтылығы шенберінде өткен және жаңа құндылықтардың синтезі жағдайында дәстүрлер мен жаңашылдықтың үйлесімді өзара іс-қимылын анықтауға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Көпшілік үшін «оптовка» аталып кеткен «Барыс-4» көтерме сауда базары мемлекет иелігіне өтті. Алматының экономикалық соты бұған дейін жекешелендірілген аталмыш сауда орнын мемлекет меншігіне қайтару туралы үкім шығарды.

Базар мемлекет меншігіне қайтарылды

Қалалық соттың мәліметінше, 2013 жылы желтоқсанда «Найза-БН» компаниясы мемлекеттен «Барыс-4» базарын бес есе арзан бағаға, яғни сол кездегі нарықтағы құны 1,5 миллиард теңге болғанына қарамастан, 307 миллион теңгеге сатып алған. Осыған байланысты Алматы прокуратурасы осы шартты жарамсыз деп тану туралы талап-арыз түсірген. Жекешелендіру кезінде түрлі заңсыздықтар орын алып, жеңілдіктер мен артықшылықтарға жол берілгені сотта дәлелденген. Сот шешімімен келіспеген тараптар бір айдың ішінде апелляциялық және прокурорлық өтінішхат бере алады. Шешім әзірге заңды күшіне енбеді.

Алматы қалалық сотының ресми өкілі Абай Жарылқасынның айтуынша, уәкілетті органның өкілі нысанды жекешелендіру кезінде мемлекет мүддесіне нұқсан келтіре отырып, аз шығынмен жүргізілгенімен келісіп, талаптарды мойындаған. Сот талап-арызды қанағаттандыру және «Найза-БН» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы мемлекеттік үлесті сату шарты жарамсыз деп тану туралы шешім шығарған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

Бүгінде ел Үкіметі медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) жүйесін жіті қадағалап отыр. Ол жалпы денсаулық сақтау жүйесінің маңызды бөлігі болып саналады. Біздің елдегі осы МСАК бойынша жетістіктерімізбен танысуға, сол тұрғыда дәріс алуға көрші бауырлас Қырғызстан Республикасынан медицина мамандарынан құрылған делегация келді. Олар әуелі Алматы төрінде бас қосты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«МСАК көпсалалы бригадаларын дамытудағы халықаралық үрдістер және Қазақстандағы МСАК реформасының тәжірибесі» тақырыбына арналған «Дөңгелек үстел» басындағы жиынды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі Вячеслав Дудник ашты.

«Бұл – ДДСҰ-ның Еуропалық аймағында аймаққа мүше 53 мемлекет үшін құрылған МСАК бойынша алғашқы демонстрациялық алаң. Құрылу мақсаты – орталық буын ретінде жалпы тәжірибелік дәрігерден, медбикелерден, әлеуметтік қызметкерлер мен психолог-

тардан, сондай-ақ қызмет көрсетілетін халықтың қажеттіліктеріне байланысты тартылатын басқа да мамандардан тұратын көпсалалы бригадаларды ұйымдастырудағы Қазақстанның табысты тәжірибесін көрсету», – деді вице-министр.

Қазақстандағы МСАК жұмысының негізгі қағидаты – халыққа қызмет көрсетудегі отбасылық принцип, медициналық көмектің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз етуге жағдай жасау.

Вице-министрдің айтуынша, мультидисциплинарлық тәсілді енгізумен қатар, Қазақстанда медициналық ұйымдар мен учаскелер саны артты. Мәселен, кейінгі екі жылда жалпы тәжірибелік дәрігердің (яғни отбасылық дәрігердің) 604 жаңа учаскесі және МСАК-тың 93 нысаны ашылған. Ал бұл өз кезегінде дәрігерлердің жүктемесін азайтуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, халық амбулаторлық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіле бастады. МӘМС (міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру) жүйесі енгізілгені бері амбулаторлық деңгейдегі тегін дәрілер тізбесі 125 нозологияға дейін ұлғайды. Бүгінде барлығы 616 медициналық ұйым тегін препараттармен қамтамасыз етеді. Шалғай ауылдардағы тұрғындар үшін медициналық көмек қолжетімді болуы үшін «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» атты екі медициналық пойыз жүреді, сондай-ақ елдімекендерге 149 жылжымалы медициналық кешен барады.

Жиын барысында МСАК шеңберінде медициналық қызметтер көрсету жүйелері, оны дамытудың басым бағыттары, медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсетудің халықаралық тәжірибесі жан-жақты талқыланды. Сондай-ақ, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

МСАК-ты қаржыландырудағы тәжірибесі, көптеген бейінді бригадалар мен отбасылық дәрігерлердің артықшылығы тілге тиек болды.

В.Дудник 1978 жылы қабылданған Алматы декларациясының бүкіл әлемде, оның ішінде Қазақстанда медициналық-санитарлық алғашқы көмекті ілгерілету мен дамытуды бастағанын және денсаулыққа тұтас көзқарасты айқындайтын, денсаулықтың экономикалық және жеке дамуға қосқан үлесіне баса назар аударатын алғашқы құжат болғанын ерекше атап өтті.

«Ал 2018 жылы қабылданған Астана декларациясы Алматы декларациясының бас постулатын растайды: денсаулық – бұл

мүмкіндігі бар адамдар үшін артықшылық емес, құқық. Негізінде, алғашқы медициналық көмек – бұл белгілі бір ауруларды немесе жағдайларды емдеу ғана емес, адамдарға қамқорлық жасау. Сондықтан бұл бүгінгі денсаулық мәселелерін тұрақты түрде шешудің ең тиімді жолы», – деді ол.

Алматы басқосуынан кейін қырғыз делегациясы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Медициналық-санитарлық алғашқы көмектің демонстрациялық платформасының алаңында оқудан өту мақсатында отбасылық дәрігерлердің жұмысы жақсы жолға қойылған Еңбекші-қазақ ауданының аудандық емханасына бару үшін Есік қаласына (Алматы облысы) жол жүріп кетті.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Өтінішіміз жерде қалмады

Қала әкімі Ерболат Досаевтың халықпен жиі кездесуі жақсы нәтижелерін беріп жатқандай. Бүгінде сол кездесулердің арқасында тұрғындар өздерін толғандырып жүрген біраз мәселеге нүкте қойды.

– Өздеріңіз жақсы білесіздер, қазір әлеуметтік желіде халық өте белсенді. Алматылықтар қалада қандай жұмыстар атқарылып, нендей мәселелер шешіліп жатқанын еш кедергісіз һәм қиындықсыз біліп отырады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген ғой, бұл бағытта шаһар басшысы мен сала бойынша қызмет көрсететін барлық мамандардың еңбегі зор. Аузымызды қу шөппен сүрте бермейік. Қалада бүгінге дейін көп тірлік жасалды. Сондықтан бір мезгіл біздің тұрмыс-тіршілігіміз үшін қызмет етіп жүрген азаматтарға алғыс айтып қойғанның еш сөкеттігі жоқ. Сөзіміз дәлелді болуы үшін тұрғындар өтініші бойынша орындалған бір-екі жағдайды айта кетсем деймін. Мәселен, мен тұратын Алмалы ауданының өзінде қала әкімінің тапсырмасынан кейін аудан әкімінің басшылығымен бірнеше жұмыс атқарылды.

Мәуленов көшесі, 129 мекенжайындағы көшенің асфальт жабыны жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін шұрық-тесік болып, адам жүргісіз күйге түскен-ді. Соны аудан әкіміне айтқан едік. Өтінішімізді жерге тастаған жоқ. Міне, қазіргі жолымыз тақтайдай теп-тегіс. Қазір көлігіміз де, өзіміз де еш қиналмай жүретін болдық. Тұрғындарға қажеті де осы ғой, – дейді Алмалы ауданының тұрғыны Нұргүл Каршалова.

Қала көшелеріндегі тынымсыз еңбекті бағалағандардың қатарында Рүстем Ержанұлы да бар. Қала тұрғынының айтуынша, Жамбыл көшесі, 63 мекенжайында бұрынғы тұрғындардың біріне тиесілі гараж болған. Таяқ тастам жердегі көпқабатты үйлердің жанында орналасқан гараждың қаңқасы қаңғыбастар мен нашакорлардың мекеніне айналғалы да біраз уақыт өткен көрінеді. Онда шашылған шприцтер көп жататын. Балалары үшін

алаңдаған көпшілік бұл мәселені аудандағы құзырлы орын басшыларына жеткізіп еді. Мәселе де тез шешімін тапты. Бүгінде әлгі гараж түп орнымен алынып тасталды, – дейді ол. Көпшіліктің талабы бойынша №136 мектептің жаяу жүргіншілер жолы жасалды. Құрманғазы көшесі, 164 мекенжайындағы балабақшаның жанынан жүргіншілерге арналған жол салып, оны асфальттап қойды, дейді тұрғындар.

Рас, қазір әлеуметтік желілерде белсенділік жоғары. Кез келген мәселеге байланысты қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты осы жерден анық байқауға болады. Қала басшыларының халықпен тығыз байланыста болуы көп мәселенің шешімін табуына сеп. Ендеше, «әкім бол, халқыңа жақын бол!». Бұл бағытта қала билігінің ұстанған бағытына ризамыз. Жылдам болмаса да, айтқан өтініштеріміз сәтімен орындалып жатыр. Осы тұста көпшілікке бір ойымды айта кетсем деймін, халыққа қызмет етіп жүрген азаматтардың біз үшін жасап жатқан жақсы істерін көбірек көрсетіп, атқарып жатқан қызметтеріндегі игі істерін де жиірек айтып жүрейік. Өйткені, «жақсы сөз – жарым ырыс» деген...», – дейді біздің тұрақты оқырманымыз Нұргүл Каршалова.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Қоқыстан тазартып берді

«Орбита-3» ықшамауданындағы 19, 20-үй тұрғындары «Ауламызға тиесілі 5 қоқыс жәшігі бар, бірақ оның үшеуі ғана жұмыс істеп тұр. Қалған екеуінің қаппағы үнемі жабық тұрады. Үйімізден шыққан тұрмыстық қалдықтарды қоқыс жәшігінің айналасына тастауға мәжбүрміз», – деп шағымданған еді.

Бұл туралы әлеуметтік желіде тұрғындар атынан жазба қалдырған Наталья Вейс есімді желі қолданушымыздың өтінішін араға күн салмай-ақ құзырлы мекеме

мамандары ретке келтіріп қойды.

Алматы қаласы Қоршаған орта және экология басқармасының мәліметінше, «Тәртіп АҚ» ЖШС қоқыс шығарушы ұйымы аталған заңды тұлғалармен тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаруға келісім-шарт жасасты.

Мекенжайдағы контейнерлік алаң осы учаскенің жеке және заңды тұлғаларының ортақ пайдалануына арналған. Қоқыс шығару кестеге сәйкес, яғни күнделікті негізде жүргізіледі.

OPEN ALMATY



Халыққа қызмет – міндет

Қала тұрғындары өздерінің өтініштерін әлеуметтік желідегі қала тынысы мен өміріне, шаруашылығына арналған парақшалар арқылы жолдап, мүмкіндігіне қарай мәселелерін шешіп жатады. Мұндай қоғам үшін пайдасы зор парақшалар кез келген алматылық үшін қажет. «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ-ның «Open Almaty» деп аталатын қала тұрғындарының өтініштері бойынша жұмыс істейтін парақшасында да дәл осы көптің көкейіндегі талап-тілектерге жауап береді. Аудан әкімдігіндегі қызметкерлер аталмыш парақша Алматы әкімдігінің тікелей бақылауындағы орталық болғаннан кейін бе, әйтеуір үнсіз қалмай, лезде жауап қайтарады. Ал басылым арқылы жарық көрген тұрғындар өтінішіне аудан әкімдіктері оңайлықпен тіл қатпайды. Көбінесе сырғытпа жауаппен ғана шектеледі. Десек те, барлығымыздың илегеніміз бір терінің пұшпағы. Қалай дегенмен де, міндетіміз халыққа қызмет ету болғаннан кейін әріптестеріміздің қала тұрғындарынан түскен өтініштері негізінде орындап жатқан жұмыстарын да көрсете отырғанды жөн көрдік.

№70 мектеп аялдамасының жанындағы шойын құдықтың дәл түбінде үңірейген тесік бар болатын. Қалалық мобильділік басқармасы мамандарының хабарлауынша, кемшілік түзетіліп, тесіктің орны бітелген.

«Горный гигант» ықшамауданындағы Әзірбаев көшесінде жарықтың өшіп қалғанына біраз уақыт болған. «Алматы Қала Жарық» мекемесі МКК жарық орнатып берді. Бүгінде көшенің шамы жарқырап жанып тұр.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙ: ПІКІР. ТІЛЕК. ҰСЫНЫС

Баннерлер бос тұрмасын!



«Almaty aqshamy» газетінің 4 қазандағы санында «Метро ішіндегі мәселе» деген тақырыппен шыққан мақаланы оқыдым. Мақалада айтылған мәселелердің барлығы орынды. Иә, мен де метромен көп жүремін. Сондағы байқаған тағы бір назар аударарлық нәрсе, көп жерлерде баннерлер бос тұрады екен. Сол бос баннерлерге қоғамдық орындағы мәдениеттілікке үндейтін нақыл сөздерді немесе әдептілікті дәріптейтін әдемі суреттерді іліп қойсақ қайтеді? Осылайша көпшілікті мәдениетті болуға неге шақырмасқа?! Метроға кіргенде ешқандай байланыс болмайды. Сондықтан жан-жағыңа көз салып қарап тұратын кезіміз көп.

Міне, сондай сәттерде осы суреттерге қарап көп нәрсені үйренуге, ұғуға болады. Мұндай көріністерден ата-анасының қасында еріп жүрген кішкентай бала да тәлім-тәрбие алар еді. Тіпті, үлкендерді де ойлантуы мүмкін. Өйткені, жұрт алдында әдептілікті сақтау – мәдениетті болудың басты белгісі. Мәдениетті адам ешқашан дөрекі мінез танытпайды, жан-жағына түкіріп, қоқыс тастап, т.с.с. жат қылық жасамайды.

Бәлкім, менің осы ұсынысымды құзырлы орын басшылары назарына алар. Өз басым, әдепті болудың басы – тәрбиеде деген ойдамын», – деп жазады белсенді желі қолданушыларымыздың бірі, алматылық Рауан Иманғалиев.

Бұл тақырып көптің көкейінде жүрсе керек, бұл ұсынысты қолдап-қолпаштап кеткендер көп болды.

Гүлнара АХБЕРГЕН:

– Тамаша ұсыныс!

Жанат ТОҚМУРЗИНА:

– Мұндай жұмыстар жай шешіле салмайды. Ол үшін бюджеттен баннер суреттерді салуға, жазуға

арнайы қаражат бөлінуі тиіс. Алғашында бұл жұмыстарды атқару үшін тендер жариялап, жасайтын адамдарды анықтайды.

Александр МИХАЙЛОВ:

– Күрделі мәселе. Қазір бізде «түкіргіш» ұрпақ өсіп келеді.

Елена КОЭМЕЦ:

– Шешілмейтін мәселе жоқ. Егер түкіргені үшін қанша айыппұл төлейтін көрсетілсе, оның қасына қайда хабарласу керектігін жазып қойса, түкіргіштердің қатары сап тыйылар еді...

Дамир ЫБЫРАЙ:

– Өте орынды ұсыныс! Әділетсіздікті көріп тұрсаң, үнсіз қалма деген мағынадағы үлкен плакаттар іліп қоюға болады.

P.S. Құрметті оқырман, егер сізді Алматының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер толғандыратын болса, газетіміздің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазылыңыз. Оған мүмкіндік болмаса, редакциямызға 232-36-54 телефонына хабарласуыңызға болады.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



САЙЛАУ – 2022

Дулат ИСАБЕКОВ, жазушы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты:

ҮЛКЕН ҮМІТ КҮТЕМІН



Үлкен үміт күттіретін науқанға лайықты кандидаттар да келеді. Тағы да сайлаудың алдында тұрмыз. Бұл сайлаудан үлкен үміт күтеміз. Демократиялық сайлауды күтеміз. Оған түсетін альтернативалар да анау-мынау емес, лайықты адамдар болуға тиіс. Дұрыс өтетін сияқты, шамалауымша.

Біздің саяси жүйеде бәрін бірден жасау мүмкін емес. Тоқаев қолынан келгенін жасап жатыр. Өткендегі Жолдауда көптеген жақсы дүние айтылды. Осылардың бәрі енді жүзеге асса дейміз.

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР ҰҒА президенті:

ЕЛ МҮДДЕСІ ҮШІН СӘТТІ ҚАДАМ



Президентіміздің мемлекет мүддесін бәрінен биік қойып, саяси доданы өткізудегі мақсаты – әділетті Қазақстанды құру жолында халықтың сенімін ақтау, жаңа реформаларды табысты жүзеге асыру міндеттерін орындау. Сондықтан Қазақстанның дәл қазіргі жағдайында сайлаудың өтуі заңды. Алдағы өтетін саяси дода ел мүддесі үшін сәтті қадам болатынына өз басым шүбәсіз сенемін. Ұлттық Ғылыми академиясының барлық

мүшелері кезектен тыс өтетін Президент сайлауын бірауыздан қолдаймыз.

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сайлауға қатысудың кепілі – Сізді сайлаушылар тізіміне қосу

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (өкімдіктер) жасайды

Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі

Дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат

дауыс беру күніне бір ай қалғанда, яғни **2022 жылғы 20 қазанынан**

кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, олардың нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады

ОСЫ ҚҰҚЫҚТЫ:

- 1 дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтын білетін азаматтар
- 2 басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер
- 3 вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕ ТІРКЕЛГЕН ЖЕРІҢІЗ БОЙЫНША ЕНГІЗІЛГЕНІЗДІ ТИІСТІ ӘКІМДІКТІҢ САЙТЫ НЕМЕСЕ CALL-ОРТАЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап

Сізге өз учаскеніңіздігі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ПРЕЗИДЕНТТІККЕ КАНДИДАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- КАНДИДАТ ТУМЫСЫНАН ҚР АЗАМАТЫ БОЛУЫ ТИІС
- 40 ЖАСҚА ТОЛҒАН
- МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЕРКІН МЕҢГЕРГЕН
- СОҢҒЫ 15 ЖЫЛ БОЙЫ ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН
- ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ
- МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ КЕМІНДЕ 5 ЖЫЛ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ БАР
- БЕЛСЕНДІ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ АЗАМАТ БОЛУЫ ТИІС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Асылы ОСМАН,
тіл жанашыры,
қоғам қайраткері:

БҰЛ САЙЛАУДЫҢ ЖӨНІ БӨЛЕК

Әділетті Қазақстанды құру – әр азаматтың парызы. Сайлауға қатысып, өз таңдауын жасаған адам да осы Екінші Республиканың іргетасын қалауға септеседі. Сондықтан саяси науқанда Президентті сайлап, ынтымағымызды көрсету маңызды.

Бұл сайлаудың жөні бөлек. Мен бүкіл елімді, халқымды осы сайлауға, әділеттіліктен бастап, тазалықты, пәктікті, шынайлықты, ашықтықты айтып жатқандықтан, біз де ашық түрде бәріміз осыған үн қосайық. Бір адамның қолынан ешнәрсе келмейді. Жалпы қоғам болып жетіспей жатқанымызды толықтырсақ. Сондықтан да сайлауға мен өзімнің елімді, осы қазақтың топырағын басып жүрген, суын ішіп жүрген, ауасын жұтып жүрген жанның бәріне де адал ниетіммен амандықта, саулықта, жақсылықта жүздесіп, сайлауға бір кісідей дауыс беруге шақырамын.



Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері:

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

Президент сайлауына дайындық жүріп жатыр. Оның ең маңызды тұсы – кімді сайлаймыз деген әрбір азаматтың таңдауы ғой. Алдағы 7 жылда өз тағдырымызды кімге сеніп тапсырамыз? Сол тұрғыдан келгенде, сайлаудың жауапкершілігі өте үлкен. Оның арғы жағында біздің таңдауымызға бүкіл Қазақстанның тарихы тіреліп тұр. Біз дұрыс таңдау жасасақ, Қазақстанның тағдыры да дұрыс болады. Әрқайсымыз мықты ойлауымыз керек. Өзіміздің кандидатымыздың қолынан не келеді? Осыны ойлануымыз керек. Біздің тілейтініміз – осы.



ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!



ЖАС САРАПШЫЛАР КЛУБЫ

Мемлекет басшысының
Жолдауындағы
әлеуметтік-экономикалық
басымдықтарды талқылады

Сенат Спикері Мәулен
Әшімбаевтың төрағалығымен
Палата жанындағы Жас сарапшылар
клубының кезекті отырысы өтті.
Жиында Мемлекет басшысы Қасым-
Жомарт Тоқаевтың Жолдауының
әлеуметтік-экономикалық
басымдықтары талқыланды.

Отырысты ашқан Сенат Төрағасы жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, бәсекелестікті дамыту, ұлттық табысты әділ бөлу және басқа да стратегиялық бастамалар жаңа экономикалық саясаттың басымдықтары екенін айтты. «Баға белгілеу ісіне мемлекеттің араласуынан біртіндеп бас тарту және экономиканы одан әрі монополиясыздандыру Жолдауда белгіленген бірінші кезектегі міндеттер екені анық. Сондай-ақ, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін түсінікті және болжамды экономикалық саясат керек. Президентіміз қаржы секторын жандандыру үшін жаңа Салық кодексін әзірлеуді тапсырды. Бүгінде бұл бағытта тиісті жұмыстар басталып та кетті. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы кедендік әкімшілендіру және бюджеттік саясат салаларын жақсарту бойынша айтарлықтай реформа жүргізу және нақты шаралар қабылдау қажет екенін айтты», – деді Мәулен Әшімбаев.

Жас сарапшылар Мемлекет басшысының Жолдауындағы әлеуметтік-экономикалық басымдықтарды талқылап, оларды іске асыруға арналған ұсыныстарын ортаға салды.

Сенат Төрағасы Жолдауда мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің жаңа моделін енгізу және несие ресурстарының тапшылығын шешу арқылы кәсіпкерлікті жүйелі түрде қолдауға ерекше назар аударылғанын да атап өтті.

«Бізге қазір алдағы жылдарда Қазақстанда кәсіпкерлерге жұмыс істеуге, өз кәсібі мен бизнесін жүргізуге мүмкіндік беретін нақты ережелер қажет. Бұл – әділ, ашық, демократиялық Қазақстанның жаңа парадигмасын қалыптастырудың алғашқы қадамы. Жолдаудан туындайтын екінші міндет – Ұлттық компаниялар мен квазимемлекеттік секторды және өзге де тетіктерді реформалау арқылы мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту. Тағы бір басымдық, біз экономиканы белсенді түрде несиелеу бойынша мақсатты қадамдар жасауымыз қажет. Президентіміз басты ережелерді атап өтті. Енді біз өз ұсыныстарымызды беріп, оларды негізгі қатысушы тараптарға жеткізуіміз керек. Сондай-ақ, әрі қарай сол ережелерді ұстануға тиіспіз», – деді Сенат Спикері.

Іс-шара барысында Жас сарапшылар клубының мүшелері салық мөлшерлемелері мен басқа да әлеуметтік аударымдардың халықаралық тәжірибесіне, қазіргі санкциялық текетірес жағдайында отандық бизнестің стратегиясына және экономикалық дамуының басқа да маңызды мәселелеріне қатысты өз ұсыныстары мен ұсынымдарын айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЛЕВ ГУМИЛЕВ – 110

«КӨНЕ ТҮРКІЛЕР»

немесе көшпенділер мәдениетінің беймәлім қырлары

Әлем тарихын көшпелілер тарихынсыз қарастыру мүмкін еместігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген Лев Николаевич Гумилев туралы біз не білеміз?

Лев Николаевич Гумилев – XX ғасырдың көрнекті ғалымы. Ол еуразиялық кеңістіктегі халықтардың тарихын жан-жақты жүйелі түрде зерттеген. Оның мұралары тарихи, философиялық, этностық және саяси ойдың перспективалық бағыты ретіндегі еуразиятанудың терең негіздемесіне айналған.

Ол өмір сүрген кезеңдегі қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайлар мен жүйелік алмасулар оның жастық шақтағы тағдырына ауыр тиді. Ол өмірінде бірнеше рет жауапқа тартылып, темір торға тоғытылса да, өмірде қанша сүрініп құласа да, өмірдің сынағынан сынбай өтіп, алдына қойған асқақ армандарына жетуге тырысты. Оның жүрген жолы ылғи да кедергілерге тап болып, тосқауылға тірелсе де, өмірден көрген қиыншылыққа мойынсынбай, алдына қойған мақсатына жету жолында өзінің айтқанынан қайтпайтын қайсар адам болды.

Лев Николаевич басынан ауыр жылдарды өткере жүріп Ленинград университетін тәмамдайды. Университет қабырғасында оқып



Лев Николаевич Гумилев түркі халқы тарихы сыңаржақты бағаланған кеңестік заманында Ұлы Дала тарихы туралы іргелі зерттеулер жүргізіп, ой тереңдігімен, соны пайым-тұжырымдарымен, ерекше дарындылығымен, ғылымға деген шынайы адалдығымен оза білген дара тұлға, ғалым.



Отбасылық сурет:
Николай Гумилев, Лев Гумилев, Анна Ахматова. 1915 жыл.

жүргенде бірнеше тілдерді (француз, неміс, ескі түркі, латын) үйреніп, қатардағы бітіруші студенттің бірі емес ғұндар өркениеті және байырғы моңғол тарихы бойынша маман болып қалыптасады. Ол 1948 жылы Түркі қағанатының (546-659) саяси тарихына арналған тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Алайда, 1948 жылы 6 қарашада, Алтайдағы ғылыми экспедиция жұмыстарын қорытындылау кезінде, ғылым кандидаты дипломын алу қарсаңында ол тағы да тұтқындалады. Бұл жолы өзі айтқандай, «анасы үшін» қамауға алынады (алғашында, 1935 жылы, өзі үшін; 1938 жылы «әкесі үшін» қамалып еді). Ленинградтың ерекше кеңесуінен кейін «контрреволюциялық әрекеті» үшін ол 10 жылға сотталады. Лагерь Қарағандыдан онша қашық емес, Шерубай-Нұра жайлауында, көптеген совет ғалымдары жазасын өтеп жатқан орында болатын. Одан соң Л.Гумилев Междуреченск деген жерге ауыстырылып, жазасын өтеу мерзімін Омбы абақтасында аяқтайды. 1956 жылы ұзақ сұрау салып, өтініш етуден соң бостандыққа жіберіліп, қылмысының болмауына байланысты ақталып шығады. 1956 жылы Эрмитажға кітапханашы болып жұмысқа тұрады. Қарапайым кітапханашы бола

жүріп, түркілер тақырыбы бойынша 1967 жылы докторлық диссертация қорғайды. Сол жылы қорғаған докторлық диссертациясының толықтырылған нұсқасы негізінде «Көне түркілер» атты еңбегі жарыққа шығады. Алайда, Жоғарғы аттестациялық Кеңес Лев Николаевичтің докторлық диссертациясын бекітпейді, ол қайтыс болардан сәл-ақ бұрын оның жұмысы ресми бекітілді.

Ғалымның докторлық диссертация тақырыбының өзектілігі және көшпенділер мәдениетінің беймәлім қырларының ашылуы, оның терең білімді екендігін ғылыми ортада дәлелдесе, ал оның жазу стилі, тілінің қарапайымдылығы көпшілік оқырман қауымының да назарын өзіне аударады. Ғалым әлем тарихын тұтастай көшпелілер тарихынсыз

қарастыру мүмкін еместігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.

Ленинград университеті негізінде 1967 жылы ашылған география ғылыми-зерттеу институтына, ректор А.Александровтың шақыруымен Л.Н.Гумилев ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылданады. Осы жұмыс орында ғалым 1986 жылы еңбек демалысына шыққанға дейін кіші, аға, жетекші ғылыми қызметкер деген сатылардан өтіп еңбек етеді.

Көшпелілер тарихына ерекше қайталанбас, әлем тарихына оң ықпалын тигізген өркениет деп қарау, көптеген батыс ғалымдары үшін шындыққа сай келмеді. Көшпелілер, немесе номадтар деп аталған ерекше шаруашылығы мен тұрмысы бар халықтардың тарихына деген көзқарас ежелден біржақты болып келді. Сондықтан Л.Н.Гумилев көшпенділердің әлем тарихына қосқан үлесін бұрмалап көрсетуге тырысқан еуроцентристік біржақты пікірлерге үнемі қарсы шығып, ғылыми дәлелді тұрғыда соққы берді.

Еуразияның көшпелі халықтарының тарихын зерттеуден бастай отырып, Лев Гумилев әуел бастан Ұлы Даланы және оған іргелес жатқан аймақтарды бір кеңістік шеңберінде қарастырды. Ал көшпелі тұрмыстың пайда болуы мен көшпелі мемлекет билігінің құлауына дейінгі аралықты бір уақыт шеңберінде алып қарады. Өзінің алдындағы ғалымдар әрбір халықты және олардың

● ДЕРЕК

Ғалым 1938 жылы негізсіз жазаның кесірінен тұтқындалып, жазасын өтеуге әуелі Беломорканал жері белгіленеді. Алайда, заң орындары «жұмсақ жазаны қатайту керек» деп оның құжаттарын қайта тексеруге жібереді, сөйтіп ату жазасына үкім шығарады, ол жазаны кейіннен Норильскідегі түрме тұтқыны етумен алмастырады. Қамаудағы уақыт аралығында ол жер қазушы, тау-кеніш шахтасында, рудниктегі кітапханада кітап сақтаушы, техник, геолог (геотехникалық топта) болып түрлі жұмыс істеді, ал уақытының соңында тіпті лаборант-химик болып орналасты. 1943 жылы қамау мерзімі аяқталған бойда майданға сұранып, 1944 жылы бірінші Беларусь майданындағы Ерекше екпінді әскердің айып батальонына ерікті солдат ретінде жіберіледі.

даму тарихын да жеке-жеке, дербес зерттеумен айналысып келген еді. Ал Лев Николаевичтің зерттеу жұмысындағы ой-тұжырымдары сол кездегі кеңестік идеологияны жақтаушы қоғамтанушы ғалымдарлардың ой-тұжырымдарына мүлде қарсы болды. Кеңестік кезеңде партия идеологиясын жақтағандарға қарсы пікір білдіргені үшін Лев Николаевичке «антимарксист», «географиялық детерменист», «шолақ ойлы анархист», «нәсілшіл» және т.б. айыптар тағылды.

Лев Николаевичтің XX ғасырдың 60–80-жылдары жарық көрген ғылыми мұралары «Ғұндар», «Ежелгі түркілер» «Қиял патшалығын іздеу», «Хазарияның ашылуы», «Этногенез және Жер биосферасы», «Ежелгі Русь және Ұлы Дала», сондай-ақ Еуразия халқы тарихы туралы тағы басқа да зерттеулері құрайды. Ғалым өзінің еңбектерінде көшпенділердің дүниежүзілік өркеніетінің дамып, өркендеуіне баға жетпес жағымды ықпалын тигізгенін дәлелдеп берді.

1976–1989 жылдар аралығында оның еңбектері жариялану құқынан айырылды. Лев Николаевич Гумилев 1992 жылы 80 жасында дүние салды. Никольск қорымындағы Александр-Невский лаврасынан топырақ бұйырды.

Өзі өмірден өткенімен, ғалымның қалдырған мұрасынан 15 томдық еңбектер жарияланды. Оның қалдырған мұрасы бүгінде талай ғылыми ізденістерге негіз болары анық.

● ТҮЙІН:

Лев Гумилев еңбектерінде өзекті мәселелерді қамтыған тың ойлар, өткір де, тапқыр тұжырымдар, тосын идеялар өте көп. Олардың арасында баға жетпес құндысы – еуразиялық теория. Бұл идея біздің аймақтағы мемлекеттердің идеологиялық және саяси ілімдерінің (доктрина) негізіне айналып отыр. Еуразиялық идеяның ғылыми-білім кеңістігінде жүзеге асуының бір көрінісі – бұл күнде атақты ғалымның мұраларын оқып-зерттеудің және еуразиялық идеяны өрістетудің қазақстандық орталығына айналып отырған әрі Лев Николаевич Гумилев атын иеленген Еуразия ұлттық университетінің құрылуы деп білеміз.

Гүлнәр ҚОЗҒАМБАЕВА,
тарих ғылымының кандидаты, доцент.

● БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Лев Гумилев Бежецк орта мектебінде оқып, 1930 жылы Ленинградта совет мектебін тәмамдайды. Университетке түскісі келеді, бірақ ата-анасының дворян тегінен шыққанына байланысты жаңа қоғамдық құрылыс адамының әлеуметтік мәртебесіне «лайықты» болмағандықтан оқуға қабылдау кезінде қарсылыққа тап болады. 1934 жылдан бастап Ленинград университетінің Тарих факультетінде оқыды. 1935 жылы университеттен шығарылып, тұтқынға түсті, бірақ аз уақыттан кейін босатылды. 1937 жылы Л.Гумилевті университетке қайта қабылдайды: ол бірнеше рет ғылыми баяндамалар жасайды, Б.Греков және С.Малов сияқты профессорлармен, Ежелгі Ресей тарихы мен Сібір, Моңғол түріктерінің көне тарихын зерттеуші мамандармен шығармашылық байланыста болады.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Баспана – бүгінгі таңда ең өзекті мәселенің біріне айналды. Ауылда жүргенімізде үйдің жайы әсте байқала қоймайтын. Үлкен өмірге қадам басып, студент атанған сәттен бастап-ақ жалдамалы пәтерлердің табанын тоздырдық. Ол кездері баға тұрақты болатын, еркелікпен өз үйімізге ақша жинау дегенді түсінбей, қаншама қаражатымызды текке жібердік. Қазіргі уақытта оқу мен жұмысты қатар алып жүретін жастар жетерлік.

ҮЙІ ЖОҚТЫҢ, КҮЙІ ЖОҚ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫБҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
БАСПАНА КҮНІ

Алайда, олардың басым көпшілігінің қаражаты жалдамалы пәтер мен азық-түліктен, киім-кешектен артылмайды. Бұл үдеріс тіпті жас отбасыларда да кездесуде. Мәселен, менің таныстарымның бақандай 4 баласы бар, олардың отасқанына 10 жылдан астам уақыт өтіпті. «Ақшамыз күнделікті күйбең тіршіліктен артылмайды, қала берді балаларымыздың қажеттілігі бар. Осылайша үйге қаржы жинауды жыл сайын кейінге шегеріп келеміз. Бұйырса, бірнеше жылдан кейін өз үйіміз де болып қаларына сенімдіміз. Жалдамалы пәтерге берген ақшамызды өз үйімізге құйсақ жақсы болар еді», – дейді таныстарым. Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан жас отбасыларға, жастарға, көпбалалы аналарға, мүгедектерге арналған түрлі бағдарламалар әзірленіп, үйлі болуларына көмек жасалуда. Алайда, ол бағдарламалардың өзіне қалтаңызда қомақты қаржының болуы талап етіледі. Сондай-ақ, қалада 3 жылдан астам уақыт тіркеуде тұруды міндеттейді. Жұмыс орныңыздан табыс көзін растайтын құжаттар керек, отбасы мүшелеріне сіздің қаражатыңыз толықтай жетуі қажет. Осы талаптарға сай келсеңіз, үйге үмітіңіз бар. Ал айтылғандардың бірі орындалмаса, сіз де үй алуды кейінге шегере бересіз. Осы ретте жастардың басым көпшілігінде туындайтын мәселенің бірі алдын ала төленетін қомақты қаржаттың жоқтығы. Қаржы қазіргі уақытта көптің қолына тұсау салып отырғаны жасырын емес. Алайда, қиюын қиыстырып, 2-3 жұмысты қатар істегендердің баспананың кілтін алып жатқаны қуантады.

МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАР ТҮРҒЫН
ҮЙ БАҒАСЫНА ҚАЛАЙ
ӘСЕР ЕТЕДІ?

«Негізінде шынын айту керек ипотекалық бағдарламалардың тұрғын үй бағасының қымбаттап кетуіне септігін тигізіп тұрған жайы бар. Сондықтан да мемлекеттік бағдарламалардың көп болғаны жақсы емес. Нарықтық экономиканың қалыптасуына ол кері әсерін тигізеді. Жалпы нарықтың заңдарын толығымен бұзады деуге негіз бар», – дейді экономист Мақсат Халық.

Сарапшы әлеуметтік осал топтар үшін (көпбалалы аналар, мүгедек азаматтар, жетім балалар және т.б.) мемлекеттік бағдарлама нәтижесінде төмен пайызбен несиенің берілуі құба-құп екенін айтады.

«Мемлекет тарапынан бағдарламалар жасалып жатыр. Жылда мемлекеттік бюджеттен қаражат осы салаға бөлінеді. Банктердің жоғалтып отырған пайыздарын төлеп отырғаннан гөрі оны басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге жұмылдыруға болатын еді. Былайша айтқанда, тек қана банктер ұтады. Өйткені, түбінде халыққа төмен пайызбен бергенмен, банк өзінің есесін жібермейді. Сол мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен өздерінің жоғалтып отырған пайыздарын толтырып отыр», – дейді сарапшы.

Мамандардың болжамынша, баспана бағасы келер жылы тағы да 10–12 пайызға өсуі мүмкін. Осы тұста құрылыс материалдары Ресей, Қытай, Түркия және Еуропа елдерінен әкелінетінін атап

өтуіміз қажет. Қазір коммуникациялық, транспорттық желілерде қиындықтар бар. Қымбатшылық та баспана бағасына әсер етуде. Егер құрылысқа қажетті материалдарды өзімізде өндірсек, бұл мәселе оң шешілер еді.

ЖАСТАР
БАСПАНАҒА ЗӘРУ

Мегаполисте жыл сайын алыс аймақтан студенттер келгенде жалдамалы пәтердің бағасының қымбаттауы әдетке айналды. Онсыз да 300 мыңға көтерілген жалдамалы пәтерлер бұл жолы Ресейдегі мобилизациядан қашқан иммигранттардың әсерінен 600–800 мың теңгеге шарықтады. Әлеуметтік желілерден бір бейнероликті көзім шалып қалды. Қазақ әйелі студенттерге «Пәтеракы өсті. 600

мың теңгеге көтердік. Өздерің де түсінесіңдер ғой. Егер қалталарың көтерсе, тұрындар, төлемесендер 200 мыңның қалған жартысын берейін, шығындар» деген. Өлгі жастарымыз қалаға жаңа келгенін, 3 күннің ішінде пәтер таба алмайтынын, болмаса сол 200 мың тг қайтаруын өтінген. Сонда апаймыз ызаланып, «керек болса бір тиын да бермей қуып шығамын» деп сес көрсеткен. Өрімдей жастарды далаға қуған қожа-йын өзінің дұрыс деп таныған. Сонда апайымыздың «осындай кезді пайдаланып, қарыздарымызды жабуымыз қажет, әйтпесе мұндай сәт қайталана бермейді ғой» деген арсыз сөздерін де естідік. Мұндай роликтер елімізге ресейліктер келіп жатыр деген ақпарат таралғалы көбейе бастады. Ботадай боздап, түннің жарымында үй таппай қиналған қазақ жастарын көру кім-кімді болмасын ызаландырғаны жасырын емес. Жігіттеріміз мұндай жағдайға тап болса жарайды ғой, қыздарымыздың да, бала-шағамен қалған отбасылардың да көше кезіп кеткені көңілге кірбің түсіруде. Осы ретте мемлекеттік грантта білім алатын студенттерге жатақхана берілетіндігін атап өткеніміз жөн. Алайда, ЖОО оларды 4 жылдай баспанамен қамтамасыз етпейтіндігі де жасырын емес. Ал ақылы бөлімде оқитындар жатақханада айына 40–50 мың теңге төлеп тұрады. Өзімде ақылы бөлімде оқығандықтан, бұл қаражаттың өзі жастардың қалатасына ауыр тиетінін білемін.

Қазір жалдамалы пәтер бағасының қымбаттығы жағынан Алматы бірінші орында тұр. Мамандар мұны басқа өңірлерден келетін студенттер мен мегаполиске жұмыс іздеп ағылғандар санының артуымен байланыстырады. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, алып шаһарда соңғы бір айда жалдау құны 62 пайызға дейін шарықтаған. Ал ескі баспаналардың бағасы 25, ал жаңа тұрғын үй кешендеріндегі пәтер құны 18 пайызға дейін өскен.

Тамыздың басында 1 бөлмелі пәтерлердің орташа жалдау ақысы айына 150 мың теңге, 2 бөлмелілер 250 мың теңге, 3 бөлмелілер 319 мың теңгеге дейін өскен.

2 бөлмелі пәтерлер Бостандық, Медеу және Жетісу аудандарында қымбаттаса, 3 бөлмелі пәтерлердің жалдау құны Медеу, Бостандық, Әуезов аудандарында шарықтай түскен. Ал жалпы қала бойынша Алматы, Бостандық, Медеу аудандарында пәтер жалдау қалған аудандарға қарағанда қымбатырақ.

Мамандар алдағы уақытта сұраныстың артатынына байланысты жалдамалы пәтерлердің құны қымбаттай түсіп, баспана нарығындағы сапырылыс қараша айына дейін жалғасады деп отыр.

● ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

- **Қазақстанда осы уақытқа дейін барлығы 6 мемлекеттік бағдарлама қабылданған екен. Олардың қатарына «Тұрғын үй құрылысының 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Тұрғын үй құрылысының 2008–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2011–2014 жылдарға арналған бағдарламасы», «Қолжетімді баспана–2020», «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы», «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы кіреді.**
- **2005 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 122 039 несиелік тұрғын үй салынған. Оның бүтінге дейін 85,5 мыңы берілсе, қалғаны несие беру және тапсыру сатысында екен. Осы тұста несиелік тұрғын үй дегеніміз ипотекалық бағдарламалар бойынша берілетін тұрғын үй екендігін атап өткен жөн.**
- **Аталғандардың ішінде «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасында жергілікті атқарушы органдарда тұрғын үйге мұқтаждар есебінде кезекте тұрғандарға басымдық беріледі. Осы тұста кезекте тұрғандар үшін тұрғын үйге қол жеткізудің негізгі факторы олардың табысы екендігін айта кету керек. Мысалы, бүгінде республика бойынша 616 075 адам үй кезегінде тұр.**
- **Алматы қаласындағы кейбір жаңа тұрғын үй кешендерінде бір шаршы метрінің құны 250 мың теңгеден басталады.**
- **Нарық мониторингі қазіргі уақытта Алматыдағы пәтер бағасы орташа есеппен 35,004 млн теңге екенін көрсетті. 1 бөлмелі пәтердің орташа бағасы 14 277 000 теңге болса, 2 бөлмелі пәтердің орташа бағасы 22 936 000 теңге. 1 және 2 бөлмелі пәтердің орташа бағасы 4% қымбаттаған.**
- **«Қымбат» тұрғын үйлердің шаршы метрінің орташа бағасы 603 000 теңге болса, «арзан» тұрғын үйлердің шаршы метрінің орташа бағасы 309 000 теңге.**



ҚАУІП ҚАЙДАН?

ТІЛСІЗ ЖАУ САЛҒЫРТТТЫҚТЫ КЕШІРМЕЙДІ

Әдетте, өшірілмеген от, сіріңке қалдығы немесе үйде қауіпсіздік ережелерін сақтамау тілсіз жау – өрт қаупін төндіретінін ойлай бермейміз. Тағы да бір өрттің басты себептерінің бірі – от ошақтарын, жылыту техникаларын пайдаланудағы салғырттық.

Биыл еліміздің біраз аймағында өрт шалу орын алғаны рас, әсіресе, Қостанай облысының маңындағы өрт бүкіл елді біраз әбігерге салғаны жасырын емес. Өңірдегі 10 күндей болған өрт орманның жартысын шарпыған. Бұл шамамен, 43 мың гектар. 12 адамды күйік шалып, 1 адам опат болды. Өртті сөндіруге 207 техника, бірнеше тікұшақ пен бір жарым мыңнан астам маман жұмылдырылған.

Тек қана өрт қауіпсіздігі ережелерін тиянақты орындау, отты пайдалануда аса сақ болу адам қауіпсіздігіне кепілдік бере алады. Ал ормандағы өрттің шығу себебін анықтау басты мәселе болып тұр. Ресми мәліметтерде өткен жылы еліміздің орман қорында 751 өрт тіркелген, өрттен 167 мың гектар орман алқабы жойылды. Экологияға келтірілген зиянды есепке алмағанда, тікелей материалдық залал 6 млрд теңгеден асты. Өткен жылдың қорытындысы бойынша орман өрттерінің ең көп саны Шығыс Қазақстан (194 жағдай), Ақтөбе (123 жағдай), Павлодар (114 жағдай), Қостанай (100 жағдай) облыстарында тіркелген. Былтыр да аса ірі орман өрттері Қостанай мен Алматы облыстарының аумағындағы орман және табиғат қорғау мекемелерінде тіркелді.

Басты себеп мынау: Орман иелері өрт сөндіру шараларын уақыттылы қолға алмай, қосалқы ұйымдардың қосымша күштерінің кешігуі, өртті сөндіру іс-қимыл жоспары соңына дейін пысықталмаған, шалғай жердегі аймақтарда тұрақты

Ғаламда адамзат пайда болғалы «айтып келмейтін», қауіпті апат жеткілікті. Солардың бірі әрі ең қауіптісі – өрт. Қазақтың «шығысы жаман қамысты су ішінде өрт шалар» деген сөзі қызыл жалынның қайдан келері жоқ екенін аңғартып тұрғандай көрінеді.



радиобайланыстың болмауы және орман күзетінің техникамен толық жабдықталмауы. Соның салдарынан дала өрті мемлекеттік орман қоры жерлеріне дейін шарпыған. Өрт туралы ақпаратты уақытты жарияламау, ақпаратты жасырып, ірі орман өртіне жол бергені үшін былтыр мемлекеттік орман күзетінің 188 қызметкері жауапкершілікке тартылды. Ормандағы өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін өткен жылдың қорытындысы бойынша 9,8

млн теңге сомасында 353 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 8,1 млн теңге өндірілді. Алматы биыл жылыту маусымына толық дайын. Жылу берілмей тұрып өрт қауіпінің алдын алу мақсатында тексеріс жүргізу аса маңызды. Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті 2022-2023 жылдардағы жылу беру кезеңіне дайындық мақсатында 151 мың 934 жеке тұрғын үйді есепке алған. Оның ішінде 1205 үй отынмен жылытылады.

Биыл қала бойынша 15 тамыз бен 15 қыркүйек аралығында аудандық әл-ауқат бөлімдерінен, әкімдік қызметкерлері мен еріктілермен бірлесіп ХӨОТ үйлерді аралау жүргізілді. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылықтың 89 фактісі анықталып, 78-і жергілікті жерде жойылды.

Қыркүйек айынан бастап «Көмек қолы» акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында 8 улы газ датчигі орнатылып, 20-сы қалыпқа келтіріліп, 4 үйде атаулы өрт-профилактикалық көмек көрсетілді (пештің мұржасын тазалау, жарықтарды бітеу, түтін арналары өтетін жерлерде қабырғаларды әктеу).

15 қыркүйек пен 15 қазан аралығында Алматы қаласының аумағында жеке тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігі айлығы өтеді.

Демалыс және мереке күндері департамент ЖПҚ және орман шаруашылығы мекемелерімен бірлесіп таулы-орманды жерлерде профилактикалық рейдтер жүргізеді. Бүгінгі таңда 220-дан астам рейд жүргізілді. 60 мыңнан астам жадынама беріліп, белгіленбеген жерлерде 122 от жағудың алды алынды. 122 құқықбұзушы: 116 адам – 505-бабының 1-бөлігі бойынша «ескерту» түрінде; 2 адам – 505-баптың 2-бөлігі бойынша жалпы сомасы 76 мың 575 теңгеге айыппұл түрінде, 4 адам – 367-бап бойынша жалпы сомасы 612 мың 605 теңгеге айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Алматы қаласы бойынша 9 айдың ішінде қаланың өрт сөндіру қызметі арқылы 131 адам құтқарылып, 579 адам эвакуацияланды. Дабыл бойынша 2298 рет тұрғындардан қоңырау келіп түсті. Оның ішінде, өрттерге – 503 рет, авариялық-құтқару жұмыстары – 119 рет, өрт есептеріне кірмейтін жану оқиғалары – 1400, 1 жалған шақырту тіркелген.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Есірткі контрабандасының жолы кесілді

Қаржы мониторинг агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті қаланың Авиациялық көлік прокуратурасымен бірлесіп аса ірі мөлшердегі есірткі контрабандасының жолын кесті.



«2 қазанда Алматы қаласында қызметтік-іздістіру ітінің көмегімен жедел-іздістіру шараларын жүргізу кезінде АҚШ-тан пошта жөнелтілімдерін алғаннан кейін жалпы салмағы 648,98 гр «марихуана», сондай-ақ жалпы салмағы 675,65 гр «гашиш» есірткі заттары табылған Алматы қаласының тұрғындары ұсталды. Бәрі тәркіленді», – деді ведомстводан.

Аталған адамдар Telegram мессенджері арқылы Қазақстан аумағында есірткі сатуды жоспарлаған. Тінту барысында электрондық таразылар мен өлшеп орауға қажетті басқа да құралдар табылды. Қазір тергеу жүргізіліп жатыр, күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

ӘДЕП КОДЕКСІ



Талап күшейеді

Сахна әдебін бұзған әртістер 6,3 млн теңге айыппұл төлеуі мүмкін

Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Күміс Сейітова Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында айтты.

«2020 жылы еліміздің мәдениет саласы туралы заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оған сәйкес әртістердің концерт және басқа да мәдени іс-шара кезінде сахна әдебін сақтауы туралы норма қарастырылған, яғни көрермен алдында өзін дұрыс ұстай білуі. Одан бөлек, фонограммаға қатысты талап қойылды. Әнші фонограммен айтқан жағдайда көрерменге ол туралы ескертуі тиіс. Бірақ қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне жазаға тарту немесе айыппұл салу қарастырылмаған», – деді Күміс Сейітова.

Оның айтуынша, заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ауқымды процесс.

«Бүгінде біз әртістердің сахна әдебін сақтауы мәселесін пысықтап жатырмыз. Атап айтқанда, заңды және жеке тұлғалар үшін 150 АЕК-тен (477 000 теңге) бастап, 2 мың АЕК-ке (6 360 000 теңге) дейін айыппұл салуды қарастырып отырмыз. Бірақ бұл шара қолданысқа енгізілген жоқ, аталған процедураны қарастырып жатырмыз.

Сондай-ақ, бұл мәселені әртістердің өзімен және концерттерді ұйымдастырушылармен бірге талқыладық. Олар қарсы емес, сондықтан аталған өзгерістер жақын арада енгізіледі деп үміттенеміз», – дейді ол.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Жалған ақпаратқа жаза бар

Мас алматылықтың ойын алаңына бомба қойылғаны туралы хабарлама «102» пультіне сағат 19.00 шамасында келіп түскен. Белгісіз біреу Рысқұлов және Момышұлы көшелерінің маңындағы балалар алаңына жарылғыш зат қойылғанын айтқан.



«Нысанды жедел тексеру қоңыраудың жалған екенін анықтады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы қауіпсіздік жүйелерімен терроризм актісі туралы әдейі жалған хабарлама айтып, қоңырау шалған адамды табу және анықтау қиын емес. Кешенді жедел-іздістіру шаралары барысында Алматы қаласының 35 жастағы тұрғыны анықталып, ұсталды. А. есімді азамат мас күйінде болды және неліктен жалған қоңырау шалғанын айта алмады. Ер адам жауапқа тартылатын болады. Әдетте, лаңкестік актісі туралы жалған хабарламаның салдарынан халық арасында дүрбелең туындап, адамдардың едәуір бөлігі жарылғыш заттарды іздеуге және анықтауға алаңдайды, барлық төтенше жағдайлар қызметі жұмылдырылады», – деді Алатау аудандық ПБ-на қарасты полиция бөлімінің басшысы Құмарбек Кеншімбаев.

Сондай-ақ, спикер лаңкестік актісі туралы қасақана жалған хабарлағаны үшін 6 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылатынын атап өтті.

**Бетгі әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

КӨШПЕНДІЛЕР ҚАЗАҚСТАНДА ЖИНАЛАДЫ

2024 жылы V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны Қазақстанда өтеді.

Газетіміздің алдыңғы нөмерінде қазақ спортшылары IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 9 медаль (3 алтын, 4 күміс және 2 қола) жеңіп алғанын жазғанбыз. Бұл қуанышты жаңалықтан кейін ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев өзінің Facebook парақшасында V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны Қазақстанда өтетінін хабарлады.

«Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен Мәдениет және спорт министрлігі делегациясы IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысу үшін Түркияға арнайы барып, ажолтай жаңалықпен оралып отыр. Сапар барысындағы өзекті мәселелердің бірі – Қазақстанда V Ойындарды өткізу жөніндегі келіссөздер болатын. Нәтижесінде Түркияның Жастар және спорт министрі Мехмет Касапоглу кеше салтанатты түрде аталған ауқымды шараның эстафетасын елімізге табыс етті.

Яғни ресми түрде Қазақстан – 2024



жылғы 5-ші Дүниежүзі көшпенділер ойындарын өткізуші мемлекет ретінде белгіленді. Бұл – айтарлықтай қуаныш, әрі аса жауапты жұмыс. Мыңжылдықтардың мұрасына ие, көшпелі дала салтын ұлықтаған ел ретінде

бұл дүбірлі доданы жоғары деңгейде өткізіміз деп сенемін. Кеше Түркия төрінде ел намысын қорғап, ерекше нәтиже көрсеткен барлық жеңімпазды тағы да шын жүректен құттықтаймын!», – деді Дәурен Абаев.

ФУТБОЛ

Алматы Еуропа чемпионатының іріктеу ойындарын қабылдайды.

Алматы алаңындағы жарыс

Қазақстан U-19 қыздар құрамасының қатысуымен 2022-2023 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу ойындары Алматы қаласында өтіп жатыр.

Жеребе қорытындысы бойынша, біздің қыздар «В» лигасының жетінші тобында Чехия және Андорра құрамаларымен бір топқа түскен. Ойындар Т.Сегізбаев атындағы «Қайрат» ФК жасөспірімдер академиясының базасында өтуде.

Жеті топтан құралған «В» лигасының командалары «А» лигасының жолдамасына таласады. Топтың жеңімпаздары жоғары дивизионға өтеді.

Қазақстан U-19 қыздар құрамасы алғашқы ойынды Чехия WU-19 командасына қарсы өткізді. Келесі қарымта ойын Чехия WU-19 ойыншыларымен 8 қазан күні, ал Андорра WU-19 командасына қарсы ойын 11 қазан күні өтеді.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Алматылық қыз топ жарды

Черногорияның Подгорица қаласында үстел теннисінен халықаралық WTT Youth Contender Podgorica 2022 турнирі өтіп жатыр. Жас спортшылар арасындағы жарыста біздің құрама қола медаль жеңіп алды.



13 жасқа дейінгі жас санатында алматылық Айназ Әділгереева (жаттықтырушы Айман Оспанова) жартылай финалға жетіп, жарыс нәтижесі бойынша үшінші орын иеленді. Айназ жарыс жолында алдымен У Ин-сюаньді (Тайбэй) 1:3 есебімен, одан кейінгі кездесулерінде Аня Байовичті (Черногория) 3:0 есебімен және Анастасия Вуйович (Черногория) 3:2 есебімен ұтты. Ал ширек финалда Босния және Герцеговина өкілі Ана Сладоемен таласқа түсіп, ойын 3:2 есебімен алматылық арудың пайдасына шешілді. Жартылай финалда Айназ венгриялық Йоханна Петери есе жіберіп, қола жүлдені қанжығылады.

Сондай-ақ, үстел теннисінен Қазақстан құрамасы Әлем чемпионатындағы жарыс жолын аяқтады. Қытайдың Чэнду қаласында өтіп жатқан әлем біріншілігінде Қазақстан құрамасы 22-орынға табан тіреді. Жүлде үшін күресті ары қарай ерлер арасындағы үздік 16 құрама жалғастырады: Қытай, Словения, Франция, Германия, Жапония, Гонконг, Корея, Египет, Швеция, Польша, Португалия, Бразилия, Хорватия, Бельгия, Үндістан, Англия.

Айта кеткен жөн, бұл жарысқа әлемнің 227 федерациясынан іріктелген үздік 32 құрама ғана қатысты. Сондықтан біздің команданың көрсеткішін төмен бағалай алмаймыз.

КӘСІБИ БІРІНШІЛІК



Қазақстандық өрт сөндірушілер Әлем чемпионы атанды.

Самарқан қаласында ТЖМ әйелдер құрамасы өрт сөндіру-құтқару спорты бойынша жауынгерлік қанат жаюда VII Әлем чемпионатының жеңімпазы атанды.

Әйелдерден құралған 4 команда

Жауынгер арулар

жауынгерлік қанат жаюдағы біріншілік үшін жарысты. Өрт сөндіру-құтқару спортының бұл командалық түрі өртке келген кезде өрт сөндірушілердің іс-әрекеттерін қайталайды. Бұл кезеңнің мәні – магистральдық жеңқұбыр желісін тез әрі дұрыс төсеу және нысанды су ағынымен «зақымдау». Нысана ортасындағы тесік арқылы сыйымдылықты он литр сумен толтырғаннан кейін зақымданған болып саналады.

Әйелдер командалары арасындағы жарыс Қазақстан құрама командасының жеңісімен

аяқталды. Нәтижесі 27,16 секундты құрады. 2-орынды Ресей Федерациясының командасы, 3-орынды Беларусь және Өзбекстан Республикасының құрама командалары иеленді.

Айта кеткен жөн, 1 қазанда Өзбекстанның Самарқан қаласында ерлер арасында өрт сөндіру-құтқару спортынан XVII Әлем чемпионаты және өрт сөндіру-құтқару спортынан әйелдер арасында VIII Әлем чемпионаты басталды.

ТЕННИС


Астанаға әлемдік жұлдыздар келді

Елордамызда теннис әлемінің басты жұлдыздары жиналған Astana Open ATP 500 халықаралық турнирі өтіп жатыр.

Ел астанасында өтіп жатқан жарысқа әлемнің бірінші ракеткасы Карлос Алкарас, «Үлкен дулыға» турнирлерінің 21 дүркін чемпионы Новак Джокович, Канаданың бірінші ракеткасы Феликс Оже-Альяссим және әлемнің төртінші ракеткасы Даниил Медведев сынды ең шебер теннисшілер қатысуда.

Халықаралық турнирдің алғашқы кездесуінде Қазақстанның бірінші, әлемнің 43-ракеткасы Александр Бублик жеңіске жетіп, жарыстың екінші айналымына шықты.

Қазақстандық теннисші алғашқы айналымда әлемнің 54-ракеткасы, нидерландылық Таллон Грикспурмен ойнады. Осыған дейін қарсыластар өзара екі рет кездесіп, екеуінде де Бублик жеңген еді. Бұл жолы Александр бірінші партияда небәрі 21 минут жұмсап, Грикспурды бет қаратпай ұтты – 6:0. Екінші сетте Александр брейк-пойнттарын пайдалана алмаса, Т.Грикспур өз мүмкіндігін мүлт жібермеді – 6:4. Үшінші, шешуші



партияда Александр ақыры жеңіске қол жеткізді – 6:3. Қарсыласы 5 эйс, 2 брейктен (3 брейк-пойнт) аса алмады. Бір сағат 40 минутқа созылған бәсеке барысында А.Бублик 15 эйс жасап, 9 брейк-пойнттың бесеуін пайдаланды. Бублик ширек финалға шығу үшін әлемнің 10-ыншы, осы жарыстың 7-ракеткасы, Польша өкілі Хуберт Хуркачпен таласады. Бұл кездесу тартысты болатыны анық.

Жұптық сында қазақстандық теннисшілер Андрей Голубев пен Александр Недовесов бірінші айналымда француздық Адриан Маннарино – Фабрис Мартен жұбына жол берді – 6:3, 4:6, 9:11. Ал дүниежүзілік рейтингіде 221-орында тұрған Михаил Кукушкин әлемнің 6-ракеткасы, грекиялық Стефанос Циципастан басым түсе алмады – 3:6, 4:6.

Осылайша Астана додасында Қазақстаннан жекелей сында Бублик қана қалды. Ал жұптық сында Бублик пен Бейбіт Жұқаев италиялық Симоне Болелли – Фабио Фоньини дуэтімен кездеседі.

Елордамызда өтіп жатқан жарыстың басты сенсациясына келсек, әлемнің 1-ракеткасы, испаниялық Карлос Алькарас жеңіліп қалды. Жеребе нәтижесі бойынша Алькарас негізі даниялық Хольгер Рунеман кездесуі керек еді. Алайда, Хольгер Руне Астанаға келмей қалды да, оның орнына іріктеу сайыстарынан өте алмаған әлемнің 66-ракеткасы, бельгиялық Давид Гоффен шықты. Д.Гоффен күтпеген жерден әлемнің бірінші ракеткасын 7:5, 6:3 есебімен ұтып кетті.

Бетгі дайындаған Досбол АТАЖАН.



● КОНФЕРЕНЦИЯ

ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕМІ

«SENIM» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы қаласында «Әлеуметтік әріптестік – даму перспективалары» деген тақырып шеңберінде елдік деңгейде конференция өткізді.



Қазақстанның барлық облысынан 167 делегат қатысқан конференцияда медицина қызметкерлерінің әлеуметтік-құқықтық және кәсіби мәртебесі, денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің құқығы мен мүддесі, салалық, өңірлік келісімдер мен ұжымдық шарттар арқылы медицина қызметкерлерін қолдау мәселелері қаралды. Секциялық жұмыстарда «Құқықтық ақпараттандыру» тақырыбы бойынша спикер Е.Ахметова, «Еңбек даулары: олардың себептері,

реттеу тәртібі, алдын алу шаралары» жөнінде Э.Мұстафанова, «Еңбек заңнамасын орындау мәселелері. Еңбек дауларын шешудегі сот практикасы» төңірегінде М.Иванова, ал «Денсаулық сақтаудағы медиация мәселелері» бойынша Ә.Наурызбаева дәріс оқыды.

Жалпы, 200 мыңнан астам дәрігердің құқығы мен мүддесін қорғайтын «Senim» қоғамдық бірлестігі медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін қайта қарауды көздеп отыр. «Жалақыны

кешіктіру немесе айлықты төлемеу – бүгінгі күні де өткір тұрған мәселелердің бірі. Оның ішінде денсаулық сақтау жүйесінде. Біз осы тақырыптың жүйелі түрде шешілуіне ден қоямыз», – дейді ҚР Кәсіподақтар федерациясы төрағасының орынбасары Нұрлан Өтешев.

Республикалық конференцияда кәсіподақтың кейінгі 4 жылдағы қызметі қорытындыланып, үздік мамандар осы саланың дамуына қосқан үлесі үшін марапатталды.

● КЕРЕК КЕҢЕС



СҮЙЕЛ НЕДЕН ШЫҒАДЫ?

Саусақтарымының арасына екі сүйел шықты. Үлкейіп келе жатқан сияқты. Кісінің үйіне барғанда, тіпті өз үйіме қамыр жайғанда да қысыламын. «Сүйел өздігінен жоқ болып кетеді» деген-ді бір танысым, соны естіп алып, дәрігерге де бармадым. Бұл өзі неден шығады?

АРАЙ, қала тұрғыны.

Сүйел теріге және шырышты қабақтарға әсер етіп, зақымдайтын папиллома вирусының салдарынан шығады. Егер адам күйзеліске түссе немесе ауыр жағдайға душар болса, сол кезде шығуы мүмкін. Мысалы, ауызда және жыныс органдарында. Вирустың 150-ден астам түрі бар. Қарапайым сүйел дененің кез келген бөлігіне шығады, бірақ бәрінен де саусаққа, алақанға, тізе мен шынтаққа жиі шығады. Себебі, бұлар үнемі жарақаттанатын жерлер.

Жалпы, теріге бөрткен бірдеңе шыкса және ол ауырса, іріңдеп іссе, сондай-ақ тез өсіп, қарая бастаса міндетті түрде дәрігерге көрсетіңіз. Егер ол қарапайым сүйел болса, дәрігер оны криотерапиямен немесе күшті препараттардың көмегімен алып тастайды. Криотерапия – бұл сұйық азотпен қатыру.

Сүйелді үй жағдайында кетірудің ең танымал жолдары: алманың сірке суы, шикі картоп, апельсин қабығы,

шикі сарымсақ, ұнтақталған банан мен оның қабығы, бақбақ шырыны. Бірақ бұл қарапайым емдердің тиімділігін растайтын немесе жоққа шығаратын зерттеулер әзірге жоқ.

Сүйелді кесуге болмайды. Себебі, оған инфекция түсіріп, жарақаттап алуыңыз мүмкін. Оның үстіне, өздігінен кесу сүйелдің таралу қаупін арттырады.

Сүйел өздігінен жоқ болып кетуі де мүмкін. Бірақ ол үшін дұрыс тамақтанып жүріңіз, ұйқыңыз қанық болсын, таза ауада көбірек жүру, салауатты өмір салтын ұстану керек, өмірдің қиын кезеңдеріне қарсы тұра біліңіз. Сонда адамның иммундық жүйесі мықты болады да, кез келген ауруға төтеп бере алады.

Дегенмен, сүйелді емдегенмен, вирус адамның ағзасында қалып қояды. Сондықтан сүйел кез келген уақытта қайта шығуы мүмкін. Ол қайта шықпас үшін тағы да сол, ағзаның иммунитеті жоғары болғаны керек.

● МӘМС

ОМЫРТҚАҒА КҮРДЕЛІ ОТА ЖАСАЛДЫ

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға түскен 45 жастағы әйел белі мен сегізкөзі қатты ауыратынын айтып шағымданған. Бел омыртқасының ауырып жүргеніне екі жылдай болыпты. Тексеру барысында бел омыртқаның (L3) оң жағында экстрадуралды ісік бары анықталған.

«Экстрадуралды ісік жұлын сыртындағы қатты қабықтан тысқары жерде пайда болады. Кейде ісіктің бұл түрі омыртқалардың арасындағы тесік арқылы да таралуы мүмкін. Оның таралу аумағы мен жылдамдығы ісіктің түріне байланысты әртүрлі болады. Бұл жолы пациенттің омыртқасындағы ісікті тез арада алып тастау қажет болды», – дейді нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Марат Алматов.

Мамандар нейромониторинг әдісін пайдалана отырып, ісікті хирургиялық ультрадыбыстық аспиратордың көмегімен кесіп алып тастады. 3 сағатқа созылған ота міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті

шеңберінде жасалды. Дәрігерлердің айтуына қарағанда, мұндай ісіктер ағзадағы ақаулар мен өзгерістерге, қоршаған ортадағы жағымсыз факторлардың организмге кері әсеріне байланысты туындайды. Сонымен қатар, мамандар оның тұқым қуалайтын да жоққа шығармайды.

Ауру белгілері де ісіктің өсуіне қарай өзгеріп отырады. Көбіне бел омыртқа тұсы отырғанда да, жатқанда да ауырады, кейде ауырсыну сезімі арқаға, аяқ пен қолға беріледі. Ісік болуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, невропатологтар магнитті-резонанстық немесе компьютерлік томографияға, кей жағдайда биопсияға жоллама береді.

● АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ



Салмақты бала

АЛМАТЫДА №2 перзентханада 32 жастағы әйел салмағы 5 келіден асатын, дәлірек айтсақ, 5 328 грамм, бойы 60 см сәбиді дүниеге әкелді.

«Мұндай жағдайлар өте сирек кездеседі. Әйел еш қиындықсыз босанды. Қазір анасы мен нәрестенің жағдайы жақсы. Үш күн перзентханада жатып, үйіне шығарылды», – дейді бас дәрігердің орынбасары міндетін атқарушы Гүлнәр Куренова.

Бір қызығы, анасы болашақ баласының салмағын білмеген, ультрадыбыстық зерттеуде құрсақтағы шарананың салмағы 3500–3800 грамм деп көрсеткен екен. №2 перзентханада осымен салмағы бес келіден асатын екінші нәресте өмірге келіп тұр. Естеріңізде болса, биылғы мамырда салмағы 6020 грамм қыз бала дүниеге келген болатын.

Глюкозаны тексеретін тың тәсіл



ЕГИПЕТТЕ қандағы глюкоза деңгейін тексерудің тың тәсілі ұсынылды. Яғни қандағы глюкоза деңгейін енді денеге ине салмай-ақ тексеруге болады екен.

Бұл құрылғыны жасап шыққан қаирлық студенттер көрінеді. Жоба авторларының айтуынша, әлгі аппарат спектроскопия көмегімен жұмыс істейді және жасанды интеллектпен жабдықталған. Прототипі тіпті, халықаралық байқауда бірінші орын алыпты. Қазір оны нарыққа шығару жағы қарастырылып жатқан көрінеді. Болашақта бұл өнім диабетке шалдыққан адамдарға қолданылатын инвазивті диагностика әдістерін алмастыруы әбден мүмкін деп отыр дарынды студенттер.



Жасы жүзден асқандар көп

ЖАПОНИЯДА жасы 100-ден асқан 90 мыңнан астам адам бар екен. Бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 4 мың адамға көп көрінеді.

Жасы жүзден асқандардың дені – әйелдер. Солардың ішіндегі ең қарты 114-те. Ұзақ өмір сүрудің сыры – дұрыс тамақтану деседі жергілікті мамандар. Жалпы, дәрігерлер өмір сүру ұзақтығы бойынша мемлекеттің алдыңғы қатарда тұруын озық медициналық технологиялармен байланыстырады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

● CALL-ОРТАЛЫҚ

Ресми деректерге сүйенсек, кейінгі 5 жылда ревматикалық аурулармен ауыратындардың саны 1,5–3 есе өсіп кеткен. Алматы қалалық Ревматологиялық орталықтың мәліметі бойынша, 2021 жылы 22 297 пациент консультативтік көмекке жүтінген, бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 28%-ға көбейгенін білдіреді.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ШҰҒЫЛ ШЕШЕДІ

Кейінгі 2 жылда COVID-19 инфекциясымен ауырған адамдарда ревматикалық аурулардың жиі бас көтергені байқалып, науқастар саны күрт өскенін де айта кету керек. Қалалық Ревматологиялық орталықтың бір күндегі пациенттерді қабылдау мүмкіндігі 60 адам болса, бүгінгі күні 200 пациент ревматологтан кеңес алатын болған, яғни ревматологиялық қызметке деген сұраныс артып отыр.

Сондықтан пациенттер санының ұлғаюына байланысты халық арасында амбулаториялық-консультациялық көмекке деген сұраныстың едәуір өсуі байқалады және қалалық Ревматологиялық орталықтың call-орталығының жүктөмесі де күрт өскен.



Соған сәйкес бүгінде орталықта келіп түскен барлық қоңырауды қабылдауды толыққанды қамтамасыз ету, барлық өтінішті жедел және сапалы өңдеу үшін бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылған. Мәселен, call-орталықтың жұмысын оңтайландыру жүргізілді. Яғни штаттық кесте кеңейтіліп, операторлардың саны 2 қызметкерден 5-еуге дейін артты. Call-орталықтың неғұрлым жедел жұмыс істеуі үшін +7 708 973 45 88 нөмірі бойынша WhatsApp нөмірі енгізілді. Яғни пациент WhatsApp нөміріне жүтінген кезде, бот қабылдауға жазылу үшін қажетті деректерді автоматты түрде сұратады, бұдан әрі деректерді call-орталықтың операторы ұсынғаннан кейін онлайн жазылу жүзеге асырылады. Call-орталық үшін +7 (727) 221-85-10 бірыңғай нөмірі орнатылды, ол операторлардың 4 телефон аппаратына бағытталып жолданды. Автоматты жауап беру құрылғысы оператордың жауабын күту арқылы орнатылады, сонымен қатар қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін клиенттермен әңгіме жазылып алынады.



АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

БІЗГЕ МӘЛІМ – БЕЙМӘЛІМ

Денсаулыққа пайдасы мол қазақтың төл дастарханына

Заман алмасып, ұрпақ жаңарған сайын кейбір ұлттық тағамдар да күнделікті тұрмысымыз бен дастарханымыздан көрінбей, ұмытылып бара жатыр. Ет асу (бешбармақ), бауырсақ, қуырдақ, нарын – бұлар қазақ халқының ұлттық тағамдарының бір бөлігін ғана құрайды. Ал ұлттық төлтумалығымен ерекшеленетін, қазіргі кезде бізге беймәлім тағам түрлері қазақта жетерлік.



Белгілі этнограф, қазақтың салт-дәстүрін жете зерттеген Жағда Бабалықұлы көзінің тірісінде берген бір сұхбатында ұлттық тағамдарымыз туралы былай деген еді:

«Біздің қазақта жалпы бір мың бес жүзге жуық тағамның түрі болған. Оның көбін бүгінгі жастар жемек түгіл, аттарын естімеген де болулары мүмкін. Денсаулыққа пайдасы мол қазақтың төл дастарханына жер бетінде ештеңе жетпейді. Әсіресе, шіркін-ай, атам қазақтың сүттен жасалатын тағамдарын айтсаңыз. Жүз елуге жуық сүттен әзірленетін астың атауы бар біздің қазақта. Мұның бәрі қасиетті тағамдар ғой».

Бүгінде белгілі тағамтанушы, зерттеуші мамандар, этнограф ғалымдар тарих қойнауына кетіп, ұмыт бола бастаған қазақ халқының ұлттық тағамдарын жаңғыртып, оның мәні мен маңызына ерекше көңіл бөліп келеді. Мәселен, Еркебұлан Макенов бастаған бір топ этнограф осы мәселеге байланысты біраз зерттеулер жүргізген болатын. Зерттеу барысында олар Қытай мен Монғолияда мекен ететін қазақтардың тұрмыс-тіршілігімен танысып, оларда бүгінге дейін сақталған ұлттық тағам түрлерінің бар екендігін паш етті.

– Монғолия қазақтарында жарма-құрт деген тағам бар. Мұндай құрт түрін Қазақстанда тұратын қазақтар жасамайды. Жай құрт пен жарма-құрттың арасындағы айырмашылық – жарма құрт майы көп сүттен әзірленеді. Қытай қазақтарынан талқан-шай және қуырма шай деген тағам түрлері табылды. Талқан шай – сүтке бидай ұнтақтары қосылып әзірленеді. Қуырылған ұнға шайды қосып дайындалған сусын қуырма шай деп аталады, – дейді зерттеуші.

Олар осы сапарларында қуырдақтың 15 түрі бар екенін тауып қайтқан. Бұл қазақ халқының ас мәзіріне әуелден бай екендігін білдіреді. Біз сіздердің назарларыңызға ұмыт болып кеткен, алайда ерекше дәмді әзірленетін қазақтың ұлттық тағамдарының бір парасын ұсынамыз.

МИПАЛАУ

Мипалау – тағамның аты айтып тұрғандай малдың миынан әзірленеді. Сұйық тағам. Бастың миын алып, оған бауыр, құйрық майы, бастың құйқасын қосып әбден араластырады. Бұған қымыз, айран немесе тұзды сүзбе қосып, майлы сорпа құйса, мипалаудың дәмі де, маңызы да арта түседі. Семіз ет

жеп отырған қонақтарға мипалау жасап ұсыну да қазақша дәм берудің тағы бір жақсы үлгісі. Мипалауды үлкендеу, терең ыдысқа құйып, ішіне бірнеше қасық салып, үлкен кісілерден бастап ауыз тиеді.

ШАЛЖЫҒАР

Дәл сондай ұмыт бола бастаған астың бірі – Шалжығар. Қазақ сөзінде «Шалжығар қымыз» деген тіркес бар. Бұлай деп дөнен, бесті қымыздарды айтса керек. Қымыздың күштілігіне қарай «Шалжығар қымыз» деп аталған. Бірақ, мұнда айтпақ болған ас-тағам мүлде басқа. Шалжығар тағамы былай жасалады екен. Жаңа сойылған қойдың етін құйрық, өкпе-бауырымен қоса түгел қарынға тығып, тұз, бұрыш, сарымсақ, пияз қосады да, аузы тігілген қарынды шұңқырға жағылған оттың шоғына көміп, топырақпен бастырып тастайды. Қарындағы еттің демі шығып тұруы үшін қойдың асық жілігінен түтік жасап, бір басын қарынға тығып, екінші басын пештің мұржасы секілді, топырақтан шығарып қояды. Бұл жайлы Шәкен Аймановтың: «Бұл астың аты – Шалжығар. Баяғыда шопандар байдың бір қойын ұрлап сойып алып, қарынға тыққан етті шұңқырдағы шоққа таңертең көміп кетсе, кешке былқылдап пысып тұрады екен. Бар қуаты өзінде қалатын бұл асты кейбір кәрі шалдар көтере алмай, жығылып қалады. Шалжығар атанғаны содан» дегені бар екен.

ҚУЫРДАҚ

Қуырдақ – соғым сойғанда етін, өкпесін, жүрегін, бүйрегін, бауырын ұсақтап турап, майға қуырып жасайды. Бауырды көп қайнап, қатайып кетпес үшін соңынан салады.

Кісе қуырдақ – жаңа сойылған малдың өкпе, бауыр, бүйрек, ішек, қарынын турап, майға қуырып әзірлейді. Етті аз қосып, сарымсақ, бек деп аталатын шөптерді салады.

Сырбаз қуырдақ – жаңа сойыл-

ған малдың етінен үстіне бие сүтін құйып, тұз салып қайнатып, жасайды. Оны кей жерлерде «Бұқа қуырдақ» деп те атайды. Піске кезде сағыздай созылып тұрады. Аталған дәм сыйлы кісілер мен қарт адамдар үшін дайындалады.

Манас қуырдақ – негізінен аң етінен (киік, арқар, елік) жасалады. Етті ұсақтамай тұрады. Тұз салып қазанға қайнатады. Пісе бастағанда үстіне қаймақ құйып, ұн сеуіп араластырады да қуырады. Дастарханға манас қуырдақ майымен қоса қойылады.

ҚАРМА

Қарма – бұл қазақ даласында бұрыннан бар, балық шаруашылығымен айналысатын ру-тайпаларда болады. Әйгілі халық ақыны Нұрхан Ахметбековтың «Мекен еттім жапалақтай жар басын, азық қылдым ақ балықтың қармасын» деген өлең жолдары бар. Балық сүйегін, оған аздап балық етін де қосып қазанға қарып қуырады. Келіге салып, ұнтақтайды. Сосын кәдімгі диірменге тартса, одан қызылқоңыр талқан шығады. Қарма деген тағам осылай жасалады. Балық жармасы деп те атайды. Денсаулыққа өте пайдалы тағам есептеледі. Балықшы ауылдарда әлі күнге

осы тағамды жасайтындар бар. Бірақ көп жерлердегі халық мұны біле бермейді.

ШЫРТЫЛДАҚ

Жылқының майын үлкен ыдысқа ерітіп, үстіне қант қосады. Бұл қатпайды. Шай ішкенде нан батырып жесе, тым сүйкімді. Мұны сары майдың орнына да пайдаланады. Сүті жоқ шайға бір қасықтан салып ішсе, шайды көп ішкізіп, шайнаманы көп жегізеді. Шыртылдақ қазақ атақты ас. Қазақ оны жел-құзды қуады деп те есептейді. Шыртылдақ сары май құсап тез бұзылмайды. Бірақ оны өте көп жеуге болмайды. Мөлшерінен артығы ішке тоқтамайды.

ЖАУБҮЙРЕК

Жаубүйрек – бұны асқан еттен жалыққанда жасайды. Кейде жеуге тез деп те жасайды. Ертеде аңшылар, жолаушылар көп пайдаланған. Жасалу әдісі: алдымен сұрпы етті жапырақ-жапырақ қып, жұқалап кесіп алады. Онан соң ырғайдан, не тобылғыдан жасалған ұзын істікке жырта қарыс қып тізеді. Үстіне қой жуаның басынан үгіп алған талқанды, тұзды



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«Текебұрқак»

Өтетін орны: Абылай хан даңғылы, 38, F. Мүсірепов театры.
Спектакль авторы: Ш. Мұртаза.
Режиссері: А. Салбанов.
Ұзақтығы: 1 сағат, 30 минут.
Жас санаты: 3+.
Тұрақ: бар.
Күні мен уақыты: 9 қазан, 18.30.



«Жүкті Мүренаның ертегілері» көрмесі

Өтетін орны: Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейі.
Көрмеде: Экспозицияда 50-ге жуық акварельдік және кескіндемелік туындылар қойылған. 2021 жылы жазылған шағын акварельдік парақтардың басым бөлігінде қазақ халқының балаларға арналған, қысқа мәтінді жан-жануарлар туралы ертегілері бейнеленді.
Күні мен уақыты: Қазан айының 20-сына дейін тамашалауға болады.
Жас санаты: 3+.



Қазақстан чемпионаты

Турнир: КР Кубогы.
Өтетін орны: Орталық стадион.
Сыйымдылығы: 23 804 адам.
Өтетін күні: 15 қазан.
Басталуы: 20.00.
Жас шектеуі: 5 жасқа дейін тегін. Орын берілмейді.
Қосымша: Назар аударыңыз! Орталық стадионға кіру Ashyq жүйесі арқылы жүзеге асырылады.



ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

жер бетінде ештеңе жетпейді



себеді. Сонан соң өртенген тобылғының түтінсіз қызыл шоғына қақтайды. Аударыстырады. Ет күп-күрең болып піскен кезде жейді. Жаубүйректің енді бір түрі қойдың, аңның төстігінен жасалады. Бұл жап-жалпақ қып керіліп пісіріледі. Ұлытаудағы таутекелердің тебінгідей үлкен, көк-ала төстіктерін пісіру тіпті тамаша. Кедей болғанда байлығыңды, қартайғанда өрлігіңді айтпа, дегендей, бұлар қазір тамсанып еске алатын ғана тағамдар.

ҰЛПЕРШЕК

Ұлпершек – қазақ мұны көбінесе соғым сойғанда жасап, көктемге сақтайды. Ұзынсары болып ет азайғанда абысындар күйеулері жокта бірін-бірі шақырып ұлпершек асады. Қасына қосары болмаған соң мұны кейде үлкен шәугімдегі шайдың ішіне пісіреді. Абысындар әңгіме қабының аузын сөгіп жеңсік асына бір тояды. Былайша айтқанда ұлпершек берекенің асы. «Абысын тату болса ас көптің» бұл да бір белгісі. Дәл осы кезде абысындар бірін-бірі бұған шақырмаса, өзара өкпелесіп те жатады. Мұны білетін күйеулері де соғым сойғанда ұлпершекті жақсылап тұрып жасап береді.



АҚШЕЛЕК

Ақшелек – бұл түйе сойылғанда үлестірілетін май, кемік. Қазақ түйе сойғанда домалаш жіліктің біреуін бітеу асып көрші-қолаңның балаларын осы жілікті шағарда шақырады. Әдемілеп тұрып мүжілген жілікті бір шал астына таза жаңғырық қойып шағады. Сонан соң балаларға шетпен кертілген кемікті үлестіреді. Майы сорғалап тұрған мұндай жұмсақ кемікті азу тіске басып тұрып кеміру сірә, қазақ балалары үшін рахаттың рахаты. Астына тері дастархан төселген жіліктің бір басын осыдан соң ағаш тостағанға қаратып ішіндегі майын сілкіп түсіреді.



АҚ СОРПА

Ақ сорпа – мұны қазақ көбінесе күзде істейді. Қыстауға бармай ықтырмаларда отыратын байлар осы кезде кәрі саулықтың жиырма-отызын бөліп алып ерменді жерге баққызып семірттіреді. Сонан соң бір-екі қысыр биені арнайы байлатады.

Сары қымыз аздау болмасын деп бұған аздап сиырдың иіндісін қосып, оны қалмақтың шытырлы торсығына ғана ашытады. Содан соң әлгі семіртілген саулықтар сойылады. Етін қазанға салып әбден маңызды шыққанша пісіреді. Сорпасы әбден қайнаған кезде қоюланады. Жіліктің майы, жамбастың кемігі сорпаны тіпті әрлендіреді. Бабына келген ет жеп, қуатты сорпа ішкен, қымызды тойғанша тартқан кәрі бай аяқастынан «жасарып», табаны күректей бір айды өзінің жас тоқалының үйінде өткізеді. Ара-тұра ерменді қайнатып суына шомылады. Бұл – қазақ байлары үшін бір жылдағы бір айлық демалысы – курорты іспетті. «Ақ сорпадан» басқа тамақ та байда аз емес қой. Бірақ олар байдың бабы үшін «Ақ сорпадай» бола алмайды. Мұны байдан басқалар да ішеді. Бірақ бұған әркімнің қолы жете бермейді. Сондықтан да қазақ «ақ сорпаны» кәрілердің асы, бабы дейді.

Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

«№37»



Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты: 9 қазан, 19.00.
Спектакль авторы: Исмаил Иман.
Қоюшы-режиссері: Фархад Молдағали.
Актёрлар: Сағызбай Қарабалин, Сұлтанбердиева Тынышкүл, Лиза Серікова, Асан Мәжит, Еркебұлан Дайыров, Зарин Кармен, Алмат Құрак.
Жанры: драма.
Ұзақтығы: 1 сағат, 20 минут.
Жас шектеуі: 16+.

«Дос-Мұқасан»



Өтетін орны: Барлық кинотеатрлардан тамашалай аласыздар.
Күні мен уақыты: 10 қазан, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.
Өндіріс елі: Қазақстан.
Режиссері: Айдын Сахаманов.
Басты актерлар: Мейіргат Амангелдин, Мақсат Сәбитов, Елдос Шайкенов, Саят Мақұлбаев.
Жанр: Өмірбаян, драма, музыка.
Ұзақтығы: 2 сағат.

Әзірлеген
Ақтоқын
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы.

ЗАМАНСӨЗ

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Ахмет Байтұрсынұлы – тарихымызда айрықша орны бар бірегей тұлға. Алаш жұртының асыл перзенті халқымыздың тағдыры сыңға түскен күрделі кезеңде ерекше қайраткерлік танытты. Шын мәнінде, Ахаңның өмір жолы – ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі. Арыстарымыздың есімін ардақтап, ұлағатты ісін жалғастыру – халқымыздың қастерлі парызы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Ұлт ұстазын ұлықтау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Бірқатар елдімекендерге, көшелерге және нысандарға Ахаңның есімі берілді. Қайраткердің 12 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Ахмет Байтұрсынұлы туған жерде кесенесі тұрғызылды. Сол жерде музей-үй бой көтерді. Ұлтымыздың рухани көсемінің еңбегін насихаттау және оны тану жұмыстары алдағы уақытта да қарқынды жалғаса береді.

Мәулен ӘШІМБАЕВ.

«ЖҮЗ ЖЫЛДАН СОҢ...»

Бірнеше жүз жылдардан соң халықтың: «Ахмет киём, қолдай гөр! Бір өзіңе сиындым!» деп тұрмасын кім білсін?

(Смағұл Сәдуақасұлының «Сәрсенбек» романынан (1922 жыл).

ТҰЛҒАТАНУ

«АХМЕТ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ» БАЙҚАУЫ

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ахмет – ұлт ұстазы» республикалық байқауын ұйымдастырды.

«Қазақстан прокурорларының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен өткізілген іс-шараға еліміз бойынша прокуратура органдарынан 80 қызметкер қатысты. Байқау шартына сәйкес ахметтанушылар А. Байтұрсынұлының өлеңдерінен, аудармаларынан не зерттеулері мен мақалаларынан үзіндіні жатқа айтып, оларды Инстаграм әлеуметтік желісінде орналастырды. Байқауда сыңға түскен үміткерлерді құрамында филолог-ғалым, мамандар бар арнайы құрылған қазылар алқасы бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша Бас прокуратураның Қылмыстық қудалау қызметінің Басқарма аға прокуроры Бауыржан Төлегенов Бас жүлдені иеленді. Қостанай облысына қарасты Жангелді ауданы прокуратурасының аға прокуроры Мейрамқұл Қозбақ бірінші орын алса, екінші орынды алматылықтар – Бостандық ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Найяла Қанатова мен Алатау ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Нұрсаятхан Жүнісәлі өзара бөлісті.

Ал Ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойына арналған іс-шараларға белсене қатысқаны үшін Алматы қаласының прокуратурасы «Үздік ұжым» деп танылды.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫНАН

ТІЛІ АЗБАҒАН!

Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақ тілі де бір, емле де бір. Қазақ тілі жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген: сондықтан тілі азбаған! 20-шы ғасырға шейін түркітің тілін азырмай асыл қалпында алып келген, тіл тұрғысындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті.

(Қазақша сөз жазушыларға. «Шора» журналы, 1913 жыл, №4. 110-113 беттер).

БӘЙГЕ ӨНЕРЛІ ЖҮЙРІКТІКІ

Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Дүниеде табиғи, негіздің жолы өзгеріс... Ілгері басып, жеттіге, жетіле өсіп-өне өзгеру табиғат тағдырының жолы – жарыс, талас, тартыс күрес. Бәйге өнерлі жүйіріктікі, әдістіңікі.

(«Өрбү»).

АЗАТТЫҚ АСЫЛЫ МӘДЕНИЕТТЕ

Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтап әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет, бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірі сүйейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте!

(«Қалам қайраткерлері жайынан» («Еңбекші қазақ», 1922 жыл, 8 шілде, №29).

ОЙ-ОРАМДАРЫНАН:

- Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!
- Мойындағы борышты білу – білім ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі.
- Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді.
- Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.
(Деректер ашық интернет көздерінен алынды).

ДҮЙСЕНБІ
10 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия.
Қаз./русс.
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, Джеки Чан, Аспаз бен қой
12.30 Almaty, suiem seni
13.00 Үздік әзілдер
14.30 Тұсаукесер! Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 32-серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Басты назарда (тікелей эфир)
16.00 Женский кино клуб. «Три в одном» 1-2-серия
18.00 Социальное ток-шоу «Шешімі бар»
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 33-серия
21.00 Телехикая.
22.00 Мужской сериал. «Кремень-2» 1-серия
23.00 Шешімі бар
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.00 Басты назарда (қайталау)
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.20 Өмір иірімі
3.00 Дала сазы
3.40 Алматы тұнған тарих
4.00 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
12.00	ФУТЗАЛ. Қазақстан Чемпионаты. 5 тур. «Астана» – «Каспий». Тікелей эфир
13.05	ХОККЕЙ НА ТРАВЕ. Чемпионат Азии среди сборных. Таджикстан – Гонконг. Тікелей эфир
14.30	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының шолуы
15.20	ХОККЕЙ НА ТРАВЕ. Чемпионат Азии среди сборных. Тайвань – Қазақстан. Тікелей эфир
16.50	ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Барыс» (Астана) – «Амур» (Хабаровск). Тікелей эфир
19.20	Қазақстан ұлттық құрамасының Ұлттар Лигасындағы ойындарына шолу
19.50	ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Матч за 3 место. Тікелей эфир
22.00	ФУТБОЛ. «Доп дода». Тікелей эфир
22.40	ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
23.05	«Катарға саяхат». Деректі фильм
23.50	ВОЛЕЙБОЛ.

	Әлем Чемпионаты.
	Финал.
	Тікелей эфир
02.00	Әнұран

BALAPAN

7.00	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05	Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
7.10	Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
7.40	«Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
8.05	Анимация. Отандық / «Томпи»
8.15	Анимация. Отандық / «Еркелер»
8.30	Анимация. Отандық / «Пырақтар»
8.55	Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
9.05	«Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.15	«Көке» ситком
9.30	«Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарлама
10.00	Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
10.05	«Баданаму хикаялары» Мультхикая.
10.35	Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.45	Анимация. Отандық / «Күшік»
11.20	«Норм және оның айнымас достары. Патшалық кілті» Толықметражды мультфильм.
12.45	«Зак дауыл» Мультхикая.
13.10	Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20	Қайталау «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.55	Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
14.05	«Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10	Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
14.40	«Үйшіктер» Мультхикая.
15.00	«Miss Kaussar» оқу-танымдық бағдарлама
15.10	«Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15	Анимация. Отандық / «Пырақтар»
15.30	«Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
16.10	Анимация. Отандық / «Қызыл мен Күлгін»
16.25	«А4»телехикая.
16.55	Анимация. Отандық / «Кемпіркөсақ»
17.05	Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.20	Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
17.30	Анимация. Отандық / «Томпи»
17.40	«Көке» ситком
18.10	Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
18.20	«Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
18.35	«Баданаму хикаялары» Мультхикая.

19.05	Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
19.10	Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
19.35	«Өнертапқыш» танымдық бағдарлама.
19.50	Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
20.10	«А4»телехикая.
20.40	Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
20.50	Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
21.15	Анимация. «Пырақтар»
21.40	«Зак дауыл» Мультхикая.
22.10	«Норм және оның айнымас достары. Патшалық кілті» Толықметражды мультфильм.
23.35	«Үйшіктер» Мультхикая.
23.55	«Бесік жыры» – Әнұран
0.00	Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00	«Фазилет ханым» телехикаясы
07.00	«Маша и медведь» Мультфильм
09.20	«ДАСТАН» түрік телехикаясы
10.25	«Әзілің жарасса...» концерті
14.40	«Комфортный город» документальный фильм
15.25	«Напарники» телехикаясы
17.00	«Ангел-хранитель» телехикаясы
18.40	«Көру керек!» бағдарламасы
20.00	«SagarTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00	«ДАСТАН» түрік телехикаясы
21.55	«Жетім жүрек-2» үнді телехикаясы
23.50	«Каникулы в Тайланде» Худ. фильм
01.45	«Бақыт құшағында» бағдарламасы

TALIMTV TALIMTV

07.00	Семейный доктор
07.40	Тәлім History
08.10	Емен-жарқын
09.00	Абайдың жолы
09.40	Менің – анам, әкем
10.00	Саулықтың сыры
10.10	Жүйріктер
10.30	Денсаулық сыры
10.50	Ем болсын
11.00	«Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00	Ұлт саулығы
12.20	Ой-талқы
13.10	Саулықтың сыры
13.30	Рухани байлық
14.00	Кестелі орамал
14.30	По душам
14.50	Саулықтың сыры
15.00	Заблудившийся – Х.Ф.
17.00	Views
18.10	Таласфильм – Ойлан
18.50	Денсаулық сыры
19.00	Қазақы әңгіме
19.35	ТамашаLike
19.50	Ұлт саулығы
20.00	Айтыс Strike
22.00	Идея
23.00	Views



«COVERSHOW». Музыкалық бағдарламасы. «ХАБАР» арнасы. Сағат 19.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
16 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
7.00 Үздік әзілдер
8.00 Детский концерт. Бақыт деген...
9.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб. Семейка Бигфутов
11.00 Жаңа маусым! IQ Almaty
12.00 ТҰСАУКЕСЕР! Сәлем, Алматы!
12.40 Бақытты отбасы
13.20 Үздік әзілдер
13.50 ТҰСАУКЕСЕР! Ана мен бала
14.30 Алматинские истории
15.00 Женский кино клуб. «Перелетные птицы»
19.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 38-серия
20.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Ұлы Селжүктер» 39-серия
21.00 Мужское кино. «К-19»
23.40 Семейное кино. «Черепашки-ниндзя-2»
1.20 Бақытты отбасы (қайталау)
1.50 Алматы тұнған тарих
2.15 Алматинские истории
2.40 Алматы кеші
3.30 Концерт
4.35 Алматы кеші
5.50 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күй-керуен»
7.30 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8.20 «AQSAYYT»
8.45 «Көңіл толқыны»
10.00 «Жүректегі күз». Телехикая.
12.00 Дисней ұсынады. «Геркулес». Мультфильм (АҚШ, 1997 ж.)
13.25 «Әзіл әлемі»
15.30 Асхат Тарғынның концерті
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ЖҮРЕКТЕГІ КҮЗ». Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
20.50 «НАРТӘУЕКЕЛ». Зияткерлік-сауықтық телевикторина.
22.00 «Көңіл толқыны»
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая. (с субтитрами)
23.30 «Көңілашар»
0.30 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
1.20 «Aqsaуut»
1.40 «Ғаламшарлар». Деректі фильм. (АҚШ, 2019 ж.)
2.25 «Әйел әлемі». Деректі фильм
2.55 «Дәуір даналары». Деректі фильм
3.45 «Күй-керуен»
4.15 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Қызық times»
06.00 Профессиональный бокс. «Девин Хэйни – Джордж Камбосос». Прямая трансляция из Австралии
09.30 «Ән әлемі»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 Тұсаукесер! «Помощь в дом»
11.30 Тұсаукесер! «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 Мультфильм. «Дерево желаний»
14.40 Мультсериал. «Нильс»
15.00 Телехикая марафоны. «Келінжан-4»
17.00 Тұсаукесер! «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 Тұрсынбек Қабатовтың «Jur-jubuten» шоуы
19.00 «Жеті қазына» мега шоуы

- 21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
21.40 «Интервью с Кривошеевым»
22.40 «Отдел журналистских расследований»
23.15 Мегахит. «В прямом эфире»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Анимационный фильм «Питер Пэн. В поисках магической книги» (повтор)
12.00 КИНО. Асель Садвакасова в комедии «Келинка тоже человек» (повтор)
14.10 КИНО. Логан Лерман в фантазии «Перси Джексон и Море чудовищ» (повтор)
16.20 Анимационный фильм «Университет монстров» (повтор)
18.30 КИНО. Крис Пратт в фантастическом боевике «Стражи Галактики» (повтор)
21.00 КИНО. Кит Харингтон в историческом боевике «Помпеи»
23.00 КИНО. Аарон Экхарт в боевике «Инопланетное вторжение. Битва за Лос-Анджелес» (повтор)
01.20 «31 әзіл»
02.00 Тамаша live
03.00 «Түркістан дауысы»
05.00 Әзіл студия
05.20 1001 Әзіл
05.30 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.30 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.05 «П@УТИНА» бағдарламасы
9.05 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.20 Премьера. «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»
10.35 «QAYMAQ» бағдарламасы
11.20 «КВН-2022». ВЫСШАЯ ЛИГА
14.15 «МСТИТЕЛЬ». Многосерийный фильм
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Денис Матросов, Екатерина Соломатина в многосерийном фильме «УРОКИ СЧАСТЬЯ»
1.40 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?»
2.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
До 4.40

7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.10 Алтынбек Қоразбаевтың «Сәлем саған, Астана» концерті
08.30 Т/п «Жұлдыздың жары»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.40 Т/п «Измайловский парк»
12.00 Шоу «Битва поколений»
13.30 Мадина Садуақасованың «Жұлдызым» атты концерті
15.40 Т/х «Бастық боламын»
18.50 Х/ф «Из Парижа с любовью»
21.00 Х/с «Кукольный дом»
01.10 Т/п «Жұлдыздың жары»
01.50 Jaidarman
02.50 Т/х «Япырай»
03.40 Т/п «Тамаша»
04.50 Т/п «Қуырдақ»

КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ӘН МЕН ӘНШІ»
08.10 «OZAT OTBASY», ток-шоу
09.00 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «СЧАСТЬЕ МОЖНО ДАРИТЬ», мелодрама (повтор)
15.30 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы
17.00 «СОЛОМОНОВО РЕШЕНИЕ», мелодрама (худ.сериал)
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «БАУЫР». Премьера Казахстанского кино!
23.40 «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2», мелодрама (повтор) (худ.сериал)
02.20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.35-
04.20 «OZAT OTBASY» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ХОККЕЙ. ҚХЛ. «Барыс» (Астана) – «Амур» (Хабаровск)
09.35 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. Топтық кезең. «Барселона» (Испания) – «Интер» (Италия)
11.40 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының шолуы
12.30 «Ұлы дала жорығы». Арнайы репортаж
12.55 ФУТЗАЛ. Қазақстан Чемпионаты. 6 тур. «Астана» – «Каспий». Тікелей эфир
14.35 «Ұлттар лигасындағы ұлттық құрама». Арнайы репортаж
14.55 ФУТЗАЛ. Қазақстан Чемпионаты. 6 тур. «Қайрат» – «Жастар». Тікелей эфир
16.35 «Катарға дайындық». Деректі фильм
17.30 ВОЛЕЙБОЛ. Әлем Чемпионаты. Топтық турнир. (Әйелдер). Польша – Доминикан Республикасы
19.45 Қазақстан ұлттық құрамасының Ұлттар Лигасындағы ойындарына шолу
20.20 «Дара тұлға». Деректі фильм
20.50 БАСКЕТБОЛ. ВТБ «Уникс» (Казань) – «Астана». Тікелей эфир
22.50 КӘСІПҚОЙ БОКС. Али Ахмедов – Габриэль Росадо, Геннадий Головкин – Сауль Канело Альварес
01.00 Өнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының

- 7.05 Мемлекеттік Өнұраны
Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
7.40 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
8.05 Анимация. Отандық / «Еркелер»
8.30 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайыс.
8.55 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
9.05 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
9.15 «Көке» ситком
9.30 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарлама
10.00 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
10.05 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
10.35 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
10.45 «Білім бәйгесі» оқу-танымдық бағдарлама
11.20 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
11.45 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
11.55 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
12.20 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
12.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
13.10 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
13.20 Қайталау «Кім тапқыр?» интеллектуалдық ойын
13.55 Анимация. Отандық / «Дүлдүл»
14.05 «Байқа, балақай!» танымдық бағдарлама
14.10 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»
14.40 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
15.00 «Miss Kausar» оқу-танымдық бағдарлама
15.10 «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Пырақтар»
15.30 «Құтқарушы ойыншықтар» Мультхикая.
16.10 Анимация. Отандық / «Қызыл мен Күлгін»
16.25 «А4» телехикая.
16.55 Анимация. Отандық / «Кемпірқосақ»
17.05 Жаңа маусым! Анимация. Отандық / «Тоқты мен серке»
17.20 Анимация. Отандық / «Бала Бекзат»
17.30 Анимация. Отандық / «Еркелер»
17.40 «Көке» ситком
18.10 Анимация. «Дүлдүл»
18.20 «Ойыншық сақшылар» Мультхикая.
18.35 «Баданаму хикаялары» Мультхикая.
19.05 Анимация. Отандық / «Тынымсыз шөжелер»
19.35 «Өнертапқыш» танымдық бағдарлама.
19.50 Анимация. Отандық / «Дала ойындары»
20.10 «А4» телехикая.
20.40 Анимация. Отандық / «Дәрігер Дана»
20.50 Анимация. Отандық / «Шахмат патшалығы»

- 21.15 «Көңілді жексенбі» отбасылық сайыс.
21.40 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.10 Анимация. Отандық / «Қалалар мен балалар»
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Ақ құс» телехикая.
23.35 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
10.25 «Каникулы в Тайланде» Худ. фильм
12.35 «Ұлытау ұлы» концертті
15.25 «Напарники» телехикаясы
17.00 «Уақыт келді» Ток шоу
18.10 «Жұрттың балалары» телехикаясы
19.00 «Бақыт құшағында» бағдарламасы
19.40 «Көру керек!» бағдарламасы
21.00 «ДАСТАН» түрік телехикаясы
21.55 «Жетім жүрек-2» үнді телехикаясы
23.50 «Сонар» телехикаясы
02.00 «Жаралы сезім» Худ. фильм

TALIM TV TALIMTV

- 07.00 Views
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 «Саморазвитие» – Маржан коуч
10.00 Саулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Айттыс. Алтын қор
12.50 Проза параграфы
13.10 Саулықтың сыры
13.30 Автопортрет
14.10 Тәтті time
14.50 Саулықтың сыры
15.00 Капля добра в пустыне 1, 2-часть
17.00 Фибратты саяхат – Индонезия 1–3-бөлім
18.10 Өтелмес борыш – Таласфильм
18.35 Сағыныш – Ана
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 Пруст сауалнамасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.20 Бақытты отбасы
21.40 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Балалық шаққа саяхат
23.00 Views





МӘНШҮК МӘМЕТОВА – 100

Бүгінде қайсар қыздың есімін иеленіп отырған білім ошағы тек өз елімізде ғана емес, ТМД мемлекеттеріне де кеңінен танымал. Еліміздегі Мәншүк есімімен аталатын барлық мектептердің бас штабы іспетті білім ұясы Невель қаласындағы №5 мектеппен де тығыз байланысып отырады. Содан да болар, осынау байырғы білім ошағының табалдырығынан аттаған жанның бойында бір демде Отанға деген сезім, ерлікке деген рух оянады. Өйткені, қабырғадан қарап тұрған қайсар қыздың бейнесі ешкімді бейжай қалдырмай, елді қорғауға, елдікке үндеп тұрған елшідей көрінеді.



Рая
ЕСКЕНДІР

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҢАРМАН ҚЫЗЫ

Алматыда шығыстың шынары атанған Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы мектеп бар

Айтулы мереке аясында Мәншүк Мәметова атындағы №28 мектеп-лицейіне арнайы бас сұғып, аталмыш мекеме басшысы Айсұлу Темірғалиқызын сөзге тартқан едік.

– Мәншүк Мәметова 1922 жылдың 2 қазанында Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында дүниеге келген. Әкесі Жиенғали мен анасы Тұнышты қыздарына Мәнсия деген есімді береді. Отбасылық жағдайларға байланысты әкесінің немере інісі Ахмет Мәметов пен Әмина Сүлейменова бес жасар Мәнсияны асырап алады. Өз заманында беделді болған Ахмет Мәметов дәрігер әрі қоғам қайраткері еді. Ол кісінің ашаршылық жылдары халыққа көп көмегі тисе керек. Көп ұзамай ерлі-зайыптылар Мәншүкті алып, Алматыға қоныс аударады. Кішкентай қыздарын еркелетіп, «Моншағым» деп атап, кейін Мәншүк атанып кеткен екен. Осылайша 1931 жылы Мәншүкті қазіргі біздің Мәншүк Мәметова атындағы №28 мектебімізге оқуға әкеледі. Осы мектепте Мәншүк 1938 жылға дейін оқиды. Ол кезде мектеп 7 жылдық болғандықтан рабфакқа, кейін мединститутқа түседі. Тұтқиылдан соғыс басталып, 18 жасар Мәншүк 100-атқыштар бригадасының құрамында өз еркімен майданға аттанады. Төрт мыңнан

астам сарбазы бар бригаданың құрамындағы екі қазақ қызының бірі осы Мәншүк Мәметова болған екен. Батыр қыз №21 атқыштар батальонында «Максим» пулеметімен талай жаудың көзін жояды. Ерлікпен қаза болған қазақ қызына 1944 жылдың 1 наурызында Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Аталмыш мектепке 1960 жылы Мәншүктің есімі берілді. Мектеп мұражайында Мәншүк отырған парта бар. Сонымен қатар, Мәншүк жерленген жерден әкелінген топырақ бар. Мектеп мұражайы 1978 жылдың 6 майында Мәншүктің анасы Әмина Сүлейменова өз қолымен ашқан еді. Мұражай 1979 жылы республикалық «Ең үздік мектеп мұражайы», 1980 жылы Кеңес Одағы бойынша «Ең үздік мектеп мұражайы» атанады. Мұражай құндылықтарға толы. Мұнда Мәншүктің бала кезіндегі, мектептегі суреттері, оқушы дәптері, комсомол билеті, майданнан жазған хаттары мен суреттері, Мақтау қағаздары бар. Жалпы, біздің мектеппен үш Кеңес Одағының Батыры шыққан. Олар Мәншүк Мәметова, Владимир Бреусов, Иван Засядко. Мұражайда Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен кездесулер, «Ерлік сабақтарын» өткіземіз. Мәншүктің көзін көрген Сұлтан Жиенбаев еді. Амал не, ол кісі де бақилық болды. Дегенмен, ерлікке тағзым етіп, оны

дәріптеп отыру біздің парызымыз болған-дықтан, бұл жұмыстар жалғаса береді.

2012 жылы біздің мектеп оқушылары Невель қаласына барып келді. Сол жерден Мәншүкке қатысты біраз жәдігер мен мәліметтер әкелді. Біздің мектептің оқушылары «Біз Мәншүк атындағы мектепте оқимыз» деп ерекше екпінмен мақтан тұтады. Қазақтың батыр қызының есімін иеленіп отырғандықтан, өзіндік ерекшеліктеріміз де жоқ емес. Мәселен, енді ғана мектеп босағасын аттаған бірінші сыныптықтарды бірден Мәншүк Мәметованың мұражайына апарып, таныстырудан бастаймыз. Сол мұражайда Мәншүктің рухына тағзым етіп, білімнің ғана емес, Отанды сүюдің де әліппесін бастайды. Осылайша мектепке келген әрбір оқушының бойына Отанға, елі мен жеріне деген патриоттық сезім нәрін күйіп, дәнін егіп жатқан жайымыз бар. Мектебімізде тағы бір жақсы дәстүр бар. Тек тәрбиелі, білімді, спортта жеңіске жетіп жүрген оқушыларымызды ғана «Жас Ұлан» атты әскери-патриоттық клубымызға қабылдаймыз. Мұның өзі үлкен тәрбие мектебі. Оқушыларымыздың білімге қызығушылығын арттырып, олардың салауатты, жан-жақты болып қалыптасуына оң әсерін тигізетіні анық. Біздің мұражайдың бір

қабырғасын тұтас алып тұрған «Мәншүктің соңғы шайқасы» атты картина бар. Осынау туындыға жай ғана қарап тұру мүмкін емес. Мұнда Мәншүктің болмысы, мінез-құлқы мен ерлігі түгел қамтылған десе де болады. Кезінде мұражайды қайта жабдықтаған кезде біраз мәліметті біз атақты жазушы Әзілхан Нұршайықовтан алған едік. Алғаш рет осы мектепке келген кезімде, ең алдымен, Мәншүк атындағы бұрыш пен мұражайды жөндеуді қолға алған едім. «Мұражайды қалай толтырсақ екен» деген сәтте Мәншүктің немере сіңлісі Айман Канатқызы үлкен қолдау көрсетті. Ол кісі бірден Әзілхан ағамызға хабарласып, біраз мәліметті өзі әкеліп берді. Мұражайдың ашылу салтанатына Әзілхан Нұршайықовты шақырамыз деп жоспарлап едік. Амал не, ол кісі көп ұзамай қайтыс болып, үлгері алмай қалды.

Мәншүк Мәметова қазан айында дүниеге келіп, осы айда қайтыс болды. Алдағы 12 қазанда еліміздегі Мәншүк атындағы мектептер мен Невель қаласындағы Мәншүк атындағы №5 мектеп оқушыларының қатысуымен үлкен онлайн-конференция өткізгеніміз отырмыз. Бұл одан арғы жақсы байланысымызға негіз болмақ.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Уақыт өткен сайын сонау бір естен кетпес жылдарда қазақтың қайраткер қызы Шәмша Беркімбаевамен танысып, тағдырымыздың тоғысқаны естелікке айналып барады. Білім саласындағы қызметімізге байланысты азаматтық әлеуметтік ортада Шәмша Көпбайқызымен ұзақ жылдар бойы түрлі педагогикалық-әдістемелік, қоғамдық-әлеуметтік жиындарда кездесіп, келе бере жақын араласа бастадық. Бұл да тәңірдің сыйы шығар. Қазір сол бір ізгілікті, танымал тұлғаны таныған жандардың бірі болғанымашүкіршілік етемін. Мен таныған, мен сыйласқан Шәмша Көпбайқызының адами, тұлғалық, азаматтық құндылықтармен сипатталатын қасиеттілігі өз алдына үлкен сыр, таусылмас жыр, салиқалы әңгіме. Осы орайда ол кісінің өзім куә болған үлгілі етер бейнесі жетерлік, соның кейбір тұстарына тоқталғым келеді.

Өз басым Шәмша Көпбайқызы мемлекеттік қызметті атқарған барлық сатыларда өзінің кішіпейілдігі, қарапайымдылығы мен көпшілігінен айнымайтын қасиетіне куә болған ұстазбын. Әлі есімде, 1995 жылы ұлы данамыз Абай Құнанбаевтың 150 жылдығында ол кісімен жүзбе-жүз кездесудің сәті түсті. Ол кезде Оқу-ағарту министрлігінің ғимараты мен өзім басшылық ететін Б.Алтынсарин атындағы №159 мектеп қатар орналасқан еді. Біздің мектебіміз республикадағы 70 тірек мектебінің бірі ретінде Б.Алтынсарин атындағы академияның тірек мектебі болып, ондағы ғалымдармен қоян-қолтық араласып, оқу бағдарламалары мен оқу құралдары бойынша талай сынақ жүргіздік. Осы жұмыстарға байланысты тікелей министрліктің құзырында болдық. Ұлы Абай бабамыздың мерейтойы аясында «Абай оқуларына» №159 мектеп мұғалімдері мен оқушыларының тікелей Оқу-ағарту министрлігі қызметкерлерімен сайысқа түсуіне тура келді. Сол жолғы қолға алынған іс-шараның бастамашысы да, ұйымдастырушысы да Шәмша Көпбайқызы болған еді. Осылайша ол кісімен бетпе-бет жүздесіп, арқажарқа әңгімелесіп, қарапайымдылығына қайран қалған едік. Одан кейінгі кездескен талай сәттерде де Шәмша Көпбайқызын осынау зиялы қалпын сақтайтынына көзім жетті. Өйтпесе, министрлік деңгейіндегі шенеуніктердің Абай мұраларын жатқа оқып, сосын оқушылармен, мұғалімдермен жарысқанын көрмесіміз хақ еді.

Екіншіден, Шәмша Көпбайқызының «Мен ізгілікті іздеп келем» атты өзі жайлы жазған кітабын оқып шыққанымда,



жан-дүниесінің ізгілігімен елінің сүйіктісі болып жүрген қызың сөзінің шынайылығына қайран қалған едім.

Әдетте жеке адамдар өз өмірі турасында жазғанда, барынша әспеттеп, көтермелеп көрсетуге тырысады емес пе?! Ал мына кітаптың авторын өзім жақсы білгендіктен, оның ішкі мазмұнына сын көзімен қаншалықты қарасам да, ешбір пендешілікті байқай алмадым. Өзім білетін Шәмша Көпбайқызы мен кітаптағы Шәмша Көпбайқызының бір-бірінен титтей де айырмашылығының жоқ екеніне көзім жетті. Міне, нағыз шыншыл адам осындай-ақ болсын! Шәмша Көпбайқызының жеке өмірі – үлгі, ал сол туралы жазылған кітабы – ізгілік оқулығындай болып шыққаны керемет әсер қалдырды.

Үшіншіден, 2001 жылы Қызылорда қаласында өткен Республикалық педагогикалық оқуларға қатысқанымда, ҚР Білім министрі лауазымындағы Шәмша Көпбайқызының қазақ мектептерін дамыту жолында өмірінің денін арнағанын аңғардым. Сол жолы екі-үш күн бойы қазақ мектептерінің жай-күйін арнайы талқыға салып, пленарлық мәжілісте Білім министрі ретінде қазақ мектептерінің бүтін мен болашағына арнап баяндама жасаған еді. Міне, сонда оның «құлтым» деген нағыз халықтың қызы екенін, ісі мен сөзі бірдей шығатынын көрдім.

Төртіншіден, Шәмша Көпбайқызы Білім министрі болып тұрған тұста жаңа буын оқулықтарын талқыға салған үлкен бір мәртебелі жиын өтті. Осы жолы да Шәмша Көпбайқызының лауазымдық жауапкершілігінің аса жоғары екеніне тәнті

болдым. Бір күн бойы ертеңгі сағат 10-нан кешкі 6-ға дейін жалықпастан, асықпастан, шаршамастан жаңа буын оқулықтарының сапасы туралы сарапшылардың пікірлеріне өз пікірін қосып, басылымдарына бағыт-бағдар берді. Осылайша да өзінің білім беру саласын жан-жақты әрі терең білетінімен сүйіндірген еді.

Өрине, Шәмша Көпбайқызының азаматтық бейнесін еске алған кезде, адами тұлғалық құндылықтары тіл ұшында тұрады. Енді ондай қасиеттерін аз сөзбен болса да айтпай өту мүмкін емес. Шәмша Көпбайқызы ұзақ жылдар бойына жиырмасыншы ғасырда да, жиырма бірінші ғасырда да басшылық қызметтерде болғанынан ба, әйтеуір, өзін бір қалыпта ұстайтын ұстамдылығымен өзіне деген өзгенің құрмет сезімін ерекше оята білді деп ойлаймын, Байсалды да, салмақты мінезі, салиқалы да жоғары мәдениетті сөзі, ешбір істі дайындықсыз атқармай, алдын ала тыңғылықты дайындап, саналы, ұтқыр түрде атқаратын ерекше қасиеті болды. Адамды байлығына, лауазымына қарап емес, рухани-адамгершілігіне, көркем мінезіне, кісілігіне, еңбекқорлығына, тазалығы мен әділ, адалдығына қарай бағалап, құрмет көрсетіп сыйлайтын. Ешкімнің сыртынан ғайбат сөйлемейтін, пікірлері тұрақты болатын.

Шәмша Көпбайқызы 2012 жылы «Мен – қазақтың қызымын» деп аталған өзі туралы елдің берген бағасын жинақтап, кітап етіп шығарды. Оның алдындағы «Ізгілікті іздеп келем» деген кітабындағы өзінің ізгі бейнесі, асыл мұраттары шын мәнісінде шынайы көрініс тапса, оны екінші кітабындағы елінің бағасы растай түседі. Екі кітап бір-бірін толықтырып, тұтастырып тұрғандай. Қазақ қызы қандай құндылықтар иесі болуы керек десеңіз, жауапты осы кітаптан тапқандайсыз. Жаны ізгіліктен жаралған Шәмша Көпбайқызы өзінің сексен жасына сәл ғана уақыт қалғанда дүниеден озды. Көзі тірі болғанда биылғы жылдың 10 қазанында 80-ге толатын еді. Ол кісінің 80 жылдығын атап өтуіміздің өзі халқы қайраткер қызының жарқын бейнесін ұмытпайтынын көрсетсе керек.

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері,
«Алтын жұлдыз», «Отан» орденінің иегері,
Қазақстан Педагогикалық Ғылым академиясының академигі,
Алматы қаласының, Жамбыл облысының Құрметті азаматы.



ОТБАСЫ

АНА СҮТІ

Ана сүті туралы аз-кем нәрсе жазуымызға болған оқиға, яғни балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істейтін көрші келіншектің айтқан әңгімесі түрткі болды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

ЕРКЕ КЕЛІНШЕК

— Түс уақытында балабақша жанындағы супермаркетке кірсем, біздің топтағы бір баланың мамасы аяғын маң-маң басып, жайбарақат дүкен аралап жүр. Қаным қайнады ғой, тәте. Таңертең бір жарымдағы ұлы қатты жылап қалғанда селт етпестен артына бұрылып та қарамай кетіп еді. Тәрбиешілер әрең жұбаттық байғұс сәбиді. Осы, баланың мамасы өзінен алыста жүрсе де ыстығы көтеріліп сағынып ауырып қалады деген рас па, тәте? Сол бала ғой осыдан екі апта бұрын іші кетіп, құсып, таң атпай бізден «жедел жәрдем» алып кеткенде, атасы: «Берген тамақтарың дұрыс болмаған ғой», — деп шу шығарсын кеп. Меңгерушіміз: «Балабақшадағы бір қазаннан тамақ ішкен отыз баланың бәрі сау, неге жалғыз сіздің балаңыз...», — десе де бой бермеген-ді. Сөйтсе, әлгі бүлдіршін өзінің анасының сүтінен уланып қалыпты.

— Қалай?

— Балабақшадан оралған баласын әйел кешке бір-ақ емізген. Ертеңіне атасы бізден кешірім сұрады: «Қайтеміз енді, бүгінгі келінге сөзіміз де өтпейді. Үйде бос отырса да осылай...» — деп бүгежектеп кетіп бара жатты, — деді көршім.



САҒЫНБАЙ МА?

Бүгінгі жас аналардың арасында декреттік демалыста отырса да сәбиін яслиге беріп қоятындар қатары көбейгенге ұқсайды. Көршім тәрбиеші боп істейтін ең кіші топта бүгінде сондай төрт бала бар екен. «Тіпті кешкі тамақты сағат төртте ішіп болатынын біле тұра, баласын алып кетуге асықпайтын шешелерді мүлдем түсінбеймін, — дейді тәрбиеші. — Күні бойы қасында болмаған сәбиін қалай көруге асықпайды?! Отыз баланың қайсысына жүгіресің, әлгіндей балалар таңнан кешке дейін жұбатқаныңа да көнбей солқ-солқ жылап, өкініп отырғаны сол».

Жекеменшік балабақшалар баланы 1,5 жастан қабылдай береді қазір. Бірақ Үкімет «Балапан» бағдарламасын ата-ана жұмыс істесін деп енгізді емес пе. Сондықтан баласын балабақшаға орналастыру үшін келетін ата-аналардан жұмыс істейтіндігі туралы анықтама қағазын сұрау керек шығар, бәлкім. Әйтпесе, әлі қанша бала бала-

бақша кезегінде тұр?! Соның салдарынан талай ана жұмысқа шыға алмай отыр.

БАЛА ЕМІЗУ – РАХАТ СЕЗІМ

Бөбек шыр етіп жарық дүниеге келгенде оның тіршілігіне қажеттісі — ауа мен сүт. Ол оған дейін құрсақта жатқанда қоректік заттарды анасынан алған. Енді ол тіршілікке келді. Оның ағзасы жеке өмір сүре алмайды. Ересек балалар жейтін тағамдарды да жеуге қауқарсыз. Себебі, оның ас қорыту мүшелерінің қызметі әлі жетілмеген. Сондықтан оның тіршілік етуіне, өмірге бейімделе бастауына ең керек тамақ — анасының сүті. Яғни ана сүті — табиғаттың балаға деп жасаған тағамы. Ол бала бойына тез сіңеді.

Ананың ақ сүтін ешбір сүт қоспасы да алмастыра алмайды. Мамандардың айтуынша, сүт қоспаларында кездеспейтін 400 түрлі қоректік зат ана сүтінде ғана кездеседі. Иә, ана сүтінің құрамында ағзаға керек барлық нәрлендірушілер бар: бе-

СҮК КӨЗДЕН
САҚТАН

Әйел ер адамның алдында төсін ашып, жарқыратып отырмайды. Бұлай істесе, сүк көз қадалады, тіл тиеді дейді атам қазақ. Соның салдарынан төсі қарайып, омырауы іседі деп сақтанған. Тасемшек болып, омырауынан сүт қашады. Сүт болмаған соң, құт та болмайды, құшағы суық, бауыры тас болады деп жорыған. Сондықтан әйел баласын емізгенде де бөгде адамға көрсетпей, көлегей жауып отырып емізетін болған.

лок, май, түрлі витаминдер, гормондар, темір, көмірсу, минералды тұздар, кальций, фосфат, өмірге керекті микроэлементтер, липаза, лактоза, т.б. Сондықтан анасын емген бала ауырмай өседі. Ауырса да, жеңіл ауырып, тез жазылып кетеді. Ана сүті ішек, респираторлы жұқпалы, аллергиялық аурулардың алдын алады. Сондай-ақ, өкпенің қабыну қаупін сейілтеді. Баланың жүйке-психикасын дамытады. Артық салмақ, семіздік ауруларына шалдығудың алдын алады.

Екіншіден, бала емізу — анасы үшін де үлкен бақыт. Босанған әйелдің жаны жай тауып, рахаттанып, жаңа бір психофизиологиялық күйге енеді. Алпыс екі тамыры босап, омырауы иіп, жүрегі де елжіреп, баласына деген мейірімі асып-төгіліп, сәбиін аймалап, құшағына баса береді. Ананың бұл қамқорлығы оның омырауына уыз бен сүттің жиналуына әсер етіп, баланы тамақтандыруға әйел организмін бейімдейді.

Ана сүтін емген балалар тез тіл табысқыш, мейірімді болып өсетіні де ғылымда дәлелденген. Біздің қазақ жаманды көрсе «ана сүтіне жарымаған» дейді. Иә, ана бауырындағы баласына ақ сүтімен бірге мейірім, парасат секілді адамгершілік қасиеттерді де дарытады. Ал ана мейіріне қанбаған баланың хәм ұлттың болашағы қандай болмақ?..

СӘН ӘЛЕМІ

Күз де түсті. Әсіресе, сәнге, киім-кешекке құмар қыз-келіншектер жағы сандықтан жылы киімдерімізді шығара бастадық. Жылуынан бұрын, сұлуына мән беретініміз тағы бар.



ӘДЕМІ БОЛЫП ЖҮРЕЙІК

Биылғы күзгі ең танымал түс — қоңыр-сарғыш. Әсіресе, осы түстес пальто мен жейде киесіңіз, сән болып шыға келесіз. Ал бірер айда қыс та түседі. Қандай түсті киімдер киісек болады екен? Сәнгерлер келер жылдың трендіне ашық күлгін және мандарин түстері кіреді деп отыр. Зәйтүн және бургунд түсінде костюм-шалбар, көйлек және жемпір киесіңіз, кез келген жерде сәнді көрінесіз.

Ақыры сән туралы айттық қой, бүгінгі таңда әлемдегі ең қымбат көйлек 12 миллион долларға бағаланған, 150 карат бриллиантпен әшекейленген. Айтпақшы, той көйлегі десе, көз алдымызға қардай аппақ, нәзік, етегі ұзын көйлек келеді. Алайда, соңғы кезде кең тараған қысқа той көйлектері алғашында АҚШ-та пайда болған. Ал олар бұл ойды жергілікті үндістерден алған екен.

Ежелгі дресс-код қандай болған? Ол кезде егер сіз қоғамдағы орны жоғары адамнан жақсырақ киінсеңіз, сізге штраф жазылатын. Ал «заңсыз» киім тәркіленген. Қызық, ғой?

Кейін киім өндірушілері адамдардың орта салмағы артуына байланысты киімдерді үлкенірек қылып тіге бастады. Алайда, олар киім өлшемдерін өзгертпеді. Мәселен, қазіргі брендті шалбарлар 70-жылдардағы шалбарлардан 7–10 см үлкен.

Мадагаскарда ондаған жұмыскер 4 жыл бойы өрмекшілерді ұстап, олардың өрмегінен жіп түткен. Осы уақыт бойы олар 3 шаршы метр ғана болған мата тіге алды. Қазіргі күні жергілікті мұражайда әлемдегі жалғыз өрмекшінің жібінен тігілген сол мата кесегі сақтаулы көрінеді.

ҚАМҚОРЛЫҚ

БАЛАНЫҢ ДА
СҰРАУЫ БАР

Қазақстанда өзімізден тыс мемлекетте тұрақты тұрып жатқан ҚР азаматтарына немесе шетелдіктердің қамқорлығына берілген балалардың асырап алғаннан кейінгі денсаулық жағдайы, тәрбиесі, жалпы тыныс-тіршілігі туралы ақпараттың жоқтығы күн тәртібіне қойылды.



«Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың республикалық деректер банкінің мәліметтеріне сәйкес, 2021 жылы 24 бала шетелдіктердің қамқорлығына берілген. Ал биыл 13 жеткіншекті асырап алған. Олар біздің елден кеткен күннен бастап қамқоршылары ешбір мәлімет бермеген. Ал бұл мемлекеттің өзінің көмелетке толмаған азаматтарын қорғауды қамтамасыз ету мүмкіндігінен айырады», — делінген «Открытые НПА» сайтында жарияланған «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасына реттеуші саясаттың консультативтік құжатында. Себебі, құжатта айтылғандай, заңнамада нақтылау дерегі жоқ. Мәселен, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 126-бабында қорғаншы 6 айда бір реттен кем емес қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды

жүзеге асыратын органға қамқорлықтағы адамның денсаулық жағдайы туралы және оны тәрбиелеу жөніндегі, сондай-ақ оның мүлкін басқару жөніндегі жұмыс туралы есептерді ұсынуға міндетті екені көзделген. Бұл ретте қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін ҚР Заңында белгіленген тәртіппен тағайындалған адамдар қорғаншы деп танылады.

Алайда, заңнама аталған адамдардың тұрғылықты еліне тиесілігін нақтыламайды, сол арқылы оларға қорғаншылыққа берілген балалардың денсаулығы, тәрбиесі туралы ақпарат беру бойынша ҚР азаматы болып табылатын, елден тыс жерде тұрақты тұратын немесе шетел азаматы болып табылатын қамқоршы міндетін орындамау мүмкіндігін туғызады.

Құжатты ҚР Оқу-ағарту министрлігі жариялады. Бұл тақырып қоғамдық талқылауға осы айдың ішінде шығуы мүмкін.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЕСКЕ АЛУ

ӨМІРЛІК
ҚҰРБЫМ ЕДІ...

Күләш Бөлегенқызы Қарағанды облысындағы Қарқаралыда мектепті үздік аяқтап, Алматыдағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Биология факультетіне оқуға түседі. Жоғары оқу орнын 1951 жылы бітірген соң, №228 теміржол орта мектебіне биология пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады.

Осы жылдардан бастап (1954) мен, Зейнеп Бексейітова, Күләш Бөлегенқызымен мұғалімдік қызметімізді бірге атқардық. Сол таныстығымыздан басталған ғұмырымыз үлкен достықпен, құрметпен 2022 жылға дейін бірге өтті. Ол 1979 жылы зейнетке шыққанға дейін адал жұмыс істеді, ұжымында өте беделді болды.

1964 жылы мектептің оқу бөлімін басқарды. Ал 1974 жылы сол мектептің директоры болды. Халық ағарту ісіндегі еңбегі бағаланып, Оқу-ағарту министрлігінің грамотасымен марапатталды, сондай-ақ «Құрметті теміржолшы» атағы берілді. «Ұлттық оқыту ісінің үздігі» ата-

ғына да ие болды. Түркіб ауданынан Алматы қалалық мәслихатына да сайланды. Осылай көптеген жылдар бойы жастарға білім беріп, үлгі-өнеге көрсеткен үлкен ұстаз болды. Басшылықта әділ еді, жолдастарымен әрқашан бірлікте болды. Өзінің қызмет мансабын мінсіз атқарып қана қоймай, адал жар, ардақты ана бола білді. Бүгінде ел ағасы болған 4 бірдей бала тәрбиелеп өсірді.

1954 жылдан 2022 жылға дейін тілегіміз бір болып, бар өміріміз бірге өтті. Оның адал бейнесі есімізде мәңгі сақталады!

Зейнеп Қасымқызы
БЕКСЕЙІТОВА.

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2022 жылғы 27 қазанда, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 1042 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ.; Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmp.kz электрондық поштасы бойынша 2022 жылдың 25 қазан, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Век-Құрылыс» ЖШС Алматы қаласындағы ескі тұрғын үйді бұза отырып, жерасты паркінгі қосылған көппәтерлі тұрғын үй кешені (құрылыстың II кезегі) жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Ақпаратпен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады: <https://ecoportal.kz>. Жария тыңдаулар 07.10.2022 ж. жарияланған сәттен бастап 5 жұмыс күніне созылады.

Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды. Бастамашы – «Век-Құрылыс» ЖШС, БСН 091040007709, байланыс телефондары: +7 707 717 61 61, эл.мекенжайы: alexakimalek@gmail.com

Әзірлеуші – «Алматыгипрогор-1» жобалау институты» ЖШС, БСН 040540007170. Алматы, Абылай хан даңғылы, 60, тел. +7 701 270 99 96, эл.мекенжайы: poplavskiy_v@mail.ru.

ОЙТАМЫЗЫҚ

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ
АБАЙ БОЛАЙЫҚ

«Айтылмаған сөз жетім» дейді атам қазақ. Қазіргі кезде ұрпақ тәрбиесі ақсап тұрғаны ешкімге де жасырын емес. Тәрбиенің басы отбасынан басталатынын ойлап, оған қоса ата-бабамыз ұстанып келген ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызбен ғасырлар бойы үндесіп келе жатқан діни түсінігіміздегі «...көре, біле тұра айтпау, тіл қатпай үнсіз қалу да күнәға жатады» деген ұғым қолға қалам алуға мәжбүр етті.

«Ұлы сөзде ұят жоқ» демекші, бүгінгі таңдағы біздің моншаларымыздағы көріністерді бір сәтке көз алдыңызға елестетіп көріңіздерші. Жасыратыны жоқ, кез келген қоғамдық немесе отбасылық моншаларымызда әкесі мен ұлының немесе ағасы мен немересінің тыр жалаңаш емін-еркін, бір-бірінен қымсынбай шомыла беретіндері бүгінде үйреншікті жағдайға айналып кеткені соншалық, тіпті, бұл жайтқа ешкім де мән бермейтін болған. Біздіңше, бұл өте келеңсіз көрініс. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетедінің» кері секілді бұл, яғни әке мен баланың, аға мен немеренің, аға мен інінің арасындағы адам баласына ғана берілген (өзге тіршілік иелеріне берілмеген) ең қымбат, ең нәзік саналатын ар, ұят, намыс сияқты қасиеттердің өзінен жойыла бастауына әкеліп

соқтыратын қасиетсіздік дер едім.

Бұл – кешегі ата-бабамыз ұстанып келген салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан ауытқып, өзге жолға түсіп кету деген сөз. Адам баласы (әсіресе, жастар) жаман әдетке тез бейімделіп, сосын одан арылу қиынға соғарын үнемі қаперімізге ұстағанмыз жөн. Ал өмір – күрес десек, шынайы өмірде, әсіресе ұрпақ тәрбиесі дегенде ұсақ-түйек, майда-шүйде нәрселер болмауға тиіс. Ұрпақ алдында қысылмай-қымтырылмай жалаңбұт жүре беретін, аузынан «ақ ит кіріп, көк ит шығатын», ішімдікке, дөрекілікке, балағат сөзге жол беріп, тәрбие мәселесін қаперіне де ілгісі келмейтін аға буын жас буынға қай бетімен ақыл айтып, жөн сілтемек?..

Сағын БОЛАТБЕКОВ,
Мәкен САЯҚОВ.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің
редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Әлия ЕСІМЖАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпочта» АҚ Алматы почтамтына:
7 (707) 932-39-18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ӘНШІ

Роза Бағланова әндері Парижде шырқалды

Атақты әнші Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы аясында Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Қазақстан өнер шеберлерінің концерті өтті. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

**Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Сахнада Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Майра Мұхамедқызы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ренат Гайсин, Жұбаныш Жексенұлы, Медет Шотабаев және тағы басқалар өнер көрсетті.

Іс-шараны ашқан Қазақстанның Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев әншінің 100 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО-ның атаулы күндер күнтізбесіне енгізу Роза Бағланованың сіңірген еңбегі мен талантын жоғары мойындау екенін атап өтті.

«Роза Тәжібайқызының шығармашылығы мен өмір жолын Қазақстаннан тыс жерлер де біледі. Ол біздің мәдениетіміз бен өнерімізді насихаттай отырып, көптеген елдерге гастрольдік сапарлармен шыққан. Оның бұлбұл дауысы 50-ден астам елдің көрерменін таңдандырды. 1957 жылы ол Венгрия, Германия, Қытай, Польша, Чехословакия, Ауғанстан, Үндістан, Авс-



трия, Бельгия, Бирма, Швеция, Канадада концерттер берді. Оның репертуарында қазақ халық әндері, заманауи композиторлардың шығармалары, әлем халықтарының әндері үйлесімді көрініс тапты. Мұның бәрі Роза Бағланованың жай әнші емес екенін, оның есімі тарихта алтын әріптермен жазылған бүкіл дәуірдің алтын дауысы екенін көрсетеді», – деді Дәурен Абаев.

Айта кету керек, өткен жылы ЮНЕСКО-ның 2022-2023 жылдарға арналған халықаралық мерейтойлар тізімі қабылданды және ол тізімге Қазақстанның ұсынысы бойынша Роза Бағланованың 100 жылдығы қосылды.

Сонымен қатар, Парижде Дәурен Абаев ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одри Азулемен кездесті. Тараптар мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимыл мәселе-

лерінің кең ауқымын және одан әрі ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

Кездесу барысында Дәурен Абаев Одри Азулеге Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын насихаттауға және жаңғыртуға, сондай-ақ еліміздің мәдени іс-шаралары мен айтулы күндерін ЮНЕСКО күнтізбесіне енгізуге қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

Сондай-ақ, ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде әлемге әйгілі ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов басқаратын Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының тұсаукесері өтті.

Тұсаукесер барысында Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының ақпараттық материалдарымен, оның ішінде «Білгемеш» әлеуметтік және мәдени зерттеулер альманагының арнайы нөмірінің таныстырылымы мен көрме ұйымдастырылды. Көрме секцияларында орталық қызметінің негізгі бағыттары мен нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ адамзаттың басқа мәдениеттерімен өзара байланыс контекстінде түркі мәдениетіне арналған материалдар ұсынылды.

Сонымен қатар, Францияға жұмыс сапары аясында ҚР МСМ Мәдениет комитетінің төрағасы Роза Көріпжанова мен ҚР Ұлттық музей директорының м.а. Айбек Сыдықов Лувр музейінің басшылығымен кездесті. Тараптар Парижде алдағы көрмені ұйымдастыру, бірлескен зерттеулер жүргізу және екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Француз тарапы Қазақстандағы ислам тарихына және соңғы уақытта жүргізіліп жатқан археологиялық қазбаларға байланысты экспонаттарға қызығушылық танытты. Кездесу соңында тараптар бірнеше жобаны одан әрі бірлесіп іске асыру туралы уағдаласты.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖЫЛАН ІНІНЕ НЕГЕ КІРМЕДІ?

Жылан дер кезінде ұйқыға жатса, күз уақытысында бітеді, дер кезінде ұйқыға кіріспесе ұзаққа созылады. Табиғат тамыршысы Мәшһүр Жүсіп осылай деген

Жылды қазекеннің жылы, ыстық, суық деп үш кезеңге бөлгенін, оны табиғат зерттеушілерінің тілінде – үш бунақ деп аталатынын бұрынғы жазғандарымызда айтқанбыз. Олар: Бас бунақ – қара қатқақ, ащы өзек, орта бунақ – тұяқ терлеп, қой күрлеп, аяқ бунақ – тоқты тоймас, шөміш кеппес. Осының 9-ынан бастап – «тоқты тоймас, шөміш кеппес» амалы кіреді. Бұл мезгілде шөп мал тұяғымен тапталып, көп жер тақырланып қалады. Қалғанын «қазан ұрады». Қанша жайылса да әр жерде шашырап қалған шөпке мал тоймасы белгілі ғой. «Тоқты тоймас, шөміш кеппес» осыдан барып айтылса керек.

**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ**

Қазанның қара суығы (алғашқысы) өтті, «кіші қазан» ұрды. Енді түнге қарай жел тұрып, күн суыта бастайды. Күндіз күннің көзі көрініп тұрса да, жылуы мен шуағы азаяды. Қалған шөптерді қазан ұрады, ызғар еседі. Аспанды күздің қарабауыр бұлтты тұмшалап, жаңбыр жауады. Қазанның қара желі басталады. Бұл күз айының



алғашқы амалы. Мұның ақ шық, сүмбіле дейтін жанама аттары бар. Амал кезінде бабаларымыз «сүмбіле туды, су суыды» деп мақалдап, балаларды суға түсуден тыйған. Киіз үй жанына қазық қағып, салма салып, қара дауылды желдің сақтанған.

Бұл айды «бозқырау» деп те айтады. Қазанның 15-16-ларына «үлкен қазан» амалы болады. Күн суытып, алғашқы сал-

қындық орын алады. Жиналмаған егінге қауіп төнетін осы шақ. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Малшылар күзекке көше бастайды. Бие ағытылып, күздік сойылады. Қазандағы ауа райы да құбылмалы болады екен. Жаңбыр көп жауып, күн салқын тартады. Кейде қар ұшқыны білініп, суға мұз қатады, бозқырау түседі. Бұлт қоюланады. Бұл, әрине, пайым бойынша...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ
Табиғат құбылыстарына сүйеніп жасалған жорамал

- Күзде құйын көп болса, қыс аязды болады.
- Күз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- Бұлт желге қарсы көйсе, ұзамай жаңбыр жауады.
- Жылан мезгілінде ұйықтаса, күз уақытылы бітеді.
- Қыс қатты болатын болса, тиін ұясын төмен жерге, жылы болса, жоғарыға жасайды.

Күннің салқындауы жан-жануарлар үшін қолайлы. Олар шыбын-шіркейдің мазалауынан құтылып, қоң жинап семіреді. Қазақы пайымның болжамынша, дүркіреп жауатын жаңбырдың ауылы әлі алыс екенін де ескертеміз. Енді бір аптадан кейін өткенде туған ай ортасына келеді, толады. Табиғат тамыршысы Мәшһүр Жүсіп «...ескіше қыркүйектің 19-20-ларына жылан ініне кіреді. Жылан ұйқыға дер кезінде жатса, күз уақытысында бітеді, дер кезінде жылан ұйқыға кіріспесе күз ұзаққа созылады» деген жорамалын айтып, жазып кеткенін білеміз. Бұл қазақша есеп бойынша, қазанның 3-4-не сәйкес келеді. Бірақ айтылған мезгілде күннің шуақты болуы себепті, жылан ініне кірмеді.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, қазанның 6-сы. Ай бойынша, – 9-ы.

Ал ескіше, бір аптадан кейін жаңа ай басталады. Апта айдың алғашқы он күндігіне дөп келіп тұр. Бұл күздің шуақты күндерінің әлі бірқатар уақытқа созылатынын білдірсе керек. Алматылықтар үшін суықтың ауылы әлі алыс сынайлы...

**ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ**

EUR/KZT 466,91 теңге



USD/KZT 472,68 теңге



RUB/KZT 8,01 теңге



CNY/KZT 66,45 теңге